

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№1 (19)

2020

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж.
ТІРКЕЛГЕН, КУӘЛІК № 14158-Ж

Бас редактор – Досманбетов Б.С., ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары – Дауренбеков Қ.Қ., техника ғылымдарының
кандидаты;

Жауапты редакторлар – Әбжамиева Л.Б., техника ғылымдарының кандидаты;

Насимов М.Ө., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2
рет шығады.**

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері
мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын
жариялайды.

Редакция алқасы:

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Досманбетова З.Р., PhD докторы;

Өтесінов Ж.Ө., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Тайманова С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байдаулетова А.Ө., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Арғынбекова Г.И., заң ғылымдарының кандидаты;

Райымбекова А.Т., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шураева С.Н., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ғ.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Төлепбергенова А.Ү., педагогика ғылымдарының магистрі.

Техникалық редактор: Алтынбеков Ш.Ғ.

Жауапты шығарушы: Алтынбеков Ш.Ғ.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

№1 (19), 2020

Басуға 30.06.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 10,3 б.т. Офсетті
қағаз. Тапсырыс №106. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. 120000, Қызылорда қаласы, Сол
жағалау. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

МАЗМҰНЫ

САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ

Қаржаубаев Е.Қ. ҚР ТРАНСҰЛТТЫҚ ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	5
Насимов М.Ө. АТҚА МИНУ МӘДЕНИЕТІ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ.....	13
Насимов М.Ө. АҢ СТИЛІ: ҒЫЛЫМДАҒЫ ТҮСІНІКТЕР.....	17
Ахметов М.М. ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ҚАЛДАН БИ.....	22
Аргинбекова Г.И., Қындыбаева Р.Р. ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ ЭТИКАСЫНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	27

ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ

Сегизбаева Д.У., Райымбекова А.Т. ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ФАКТОРЛАР	31
Сейсекеев А.О., Құлтанов Б.Б. КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АҒЫМДАҒЫ ШЫҒЫНДАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҮШІН БАНКТІК НЕСИЕ ҚАЖЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ.....	34

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ

Есқараева А.Д., Есмағанбетова А., Асанбекқызы А. СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ТӘРБИЕ.....	38
Қыдырбаева К., Охап Б.С. КОМПОЗИТОР РАУХВЕРГЕРДІҢ «КРАСНЫЕ МАКИ» ӘНІН ТӨМЕНГІ СЫНЫПТАРДА ҮЙРЕТУ.....	44
Охап Б.С., Кеңшілік А.Р. МАҒЖАННАН ҚАЛҒАН МҰРАЛАР.....	49

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

Сағындық Н., Жанзақов М.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КАРАНТИНДІ АРАМ ШӨПТЕРДІҢ МОРФОБИОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ.....	56
--	----

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Досжанов М.Ж., Тасболат Ғ.Ж. АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ СОҚАЛАРЫНЫҢ БӨЛШЕКТЕРІН ДАЙЫНДАУҒА ҚОЛДАНАТЫН МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	63
--	----

**САЯСАТТАНУ,
ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚТАНУ**

ҚР ТРАНСҰЛТТЫҚ ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Қаржаубаев Ербол Қазифұлы,
заң ғылымдарының докторы, профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Жаһандану бүгінгі әлем елдерінің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму үшін үлкен мүмкіндіктерді ашады. Ашық шекаралар, еркін нарықтық қатынастар, жаһандану ғасырында орын алып жатқан әр түрлі технологиялық салалардағы жетістіктерімен қатар, басты кемшілігі - қарқынды дамып келе жатқан трансұлттық қылмысты атап өткен жөн.

Қылмыс халықаралық мәселе ретінде кем дегенде мемлекеттің пайда болуымен туындады. Оның маңыздылығы халықаралық байланыстардың кеңеюімен өсе түсті.

Отандық құқықтық әдебиеттерде, шетелдіктермен жасалған жалпы құқықтық қылмыстармен күресу қажеттілігі туындаған кезде, халықаралық қылмыс ұғымы мен мәселесі туындады. Уақыт өте келе, халықаралық қылмыстың түрлі көріністері тек қана жалпы қылмыстық сипатта ғана емес, сонымен қатар саяси сипатта және қауіптілігіне байланысты (қоғамдық қауіптілігі) түрлі дәрежесі бар екендігі айқын болды.

Осыны ескере отырып, қазақстандық және ресейлік зерттеушілер трансұлттық қылмыс құрылымында халықаралық қауымдастыққа жоғары қауіп келтіретін және халықаралық сипаттағы қылмыс немесе бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс және төмен қауіп төндіргенмен, қалыпты мемлекетаралық қатынастарға, мемлекеттердің, әртүрлі елдердің ұйымдарының, азаматтарының бейбіт ынтымақтастығына зиян келтіретін қылмыстардың түрлерін ажыратады. Трансұлттық қылмыстың осы екі түрі халықаралық қылмыстық құқықтың объектісі болып табылады.

Соңғы кезде әлемнің көптеген елдерінде қылмыстылықтың айтарлықтай өсуі байқалады. Әсіресе оның қауіпті түрі – ұйымдасқан қылмыстың өсуі көрініс тапқан. Өкінішке орай, біздің республикамызда да осындай көрініс орын алады. Сонымен қоса, ұйымдасқан қылмыс трансұлттық сипат алуда. Қазақстанның әлемдік өркениеттік елдер қауымдастығына интеграциялау процесі және экономикалық өмірінің жаһандануы ұлттық қылмыстық ұйымдардың күшінің бірігуіне және үстеме пайда алуды белсендіреді. Нәтижесінде, трансұлттық ұйымдасқан қылмыс іс

жүзінде көлемі мен жойқын әсері себебінен Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне ғана емес, сонымен қатар бүкіл адамзат үшін нақты қауіпке айналды. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және басқа да дамуына кедергі келтіретін қылмыстық күштердің тұрақты өсуі, ең алдымен, өтпелі экономикасы бар дамушы елдердің экономикасына нұқсан келтіруді көздеуі - бұл трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың жойқын қызметінің негізгі бағыттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы тұру саласында айтарлықтай әрекеттер жасалуда. Нәтижелері табысты жүргізілген агенттік-жедел іс-шаралар мен аяқталған қылмыстық істер. Қазақстан Ұлттық Қауіпсіздік органдарының мәліметтері бойынша Қазақстанда айтарлықтай қаржылық және басқа да мүмкіндіктері бар ірі трансұлттық ұйымдасқан ұйымдар анықталған жоқ.

Алайда, бұл табиғи ресурстарға бай (мұнай, газ, түсті металдар және т.б.) Қазақстан Республикасы трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың мүддесі шеңберіне енбейді дегенді білдірмейді. Ғылыми түрде шолулар жүргізсек осы қылмыстық ұйымдардың өкілдері қазірдің өзінде отандық ұйымдасқан қылмыспен байланысқа түсті, бірлескен қылмыстық қызметті ұйымдастыру үшін белгілі бір келісімдер жасасты деп болжайды.

Авторлар трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың ауқымын сонымен бірге оның қауіптік дәрежесін ескере отырып, берілген қылмыстық құбылыстың табиғатын, әлемде көрініс тапқан, белгілі ұйымдасқан трансұлттық ұйымдардың мысалында зерттеу және тұжырымдау орынды деп санайды. Сонымен қатар, ең алдымен бұл құбылыс ұйымдасқан қылмыстың дәстүрлі формасы емес, тұтас мемлекеттердің тұрақтылығына қауіп төндіріп, олардың экономикалық дамуына кедергі келтіретін және де өзінің қуаты мен күшін көрсете отырып, демократиялық институттарына нұқсан келтіретін айтарлықтай қызмет түрі екенін түсіну қажет [1, 8 б.].

Қазіргі заманауи техниканың даму жағдайында және өндірістік процестердің жаһандануымен байланысты, қазіргі заманғы банк жүйесіне электронды төлемдердің енгізілуі, қылмыстық жолмен түскен ақша қаражатын «заңдастыруға» бағытталған халықаралық операцияларды жүзеге асыру үшін, түрлі елдерде қылмыстық топтардың арасындағы байланыстардың құрылуына және де әр түрлі сипаттағы қаржылық алаяқтықтың пайда болуына ықпал етеді.

Халықаралық операцияларды жүргізу кезінде өзара көмектер қолдау негізінде, қылмыстық ұйымдар қауіпсіз және құқық қорғау органдарына қол жетімсіз аймақтарда тиімді нарықтарға қол жеткізе алады. Алынған пайда әлемдік қаржылық жүйе

каналдарымен, либералды басқару пульті арқылы оффшорлық орталықтарға және банк қызметі қаржы жүйесіне бағытталады [2, 318 б.].

Осылайша, трансұлттық қылмыстық ұйымдар әлемдік экономиканың маңызды қатысушыларына айнала отырып, жаһандық ауқымға айналған, кейбір дамып келе жатқан және дамыған елдерінің жалпы ұлттық өнімнің көлемінен асатын пайда келтіретін, заңмен тыйым салынған салаларда (мысалы, есірткі сату өндірісінде) маңызды рөл атқарады. Осылайша, Вашингтон Ұлттық стратегиялық ақпарат комитетінің сарапшыларының пікірінше «әлемдік мафия» табысы шамамен 1 трлн долларды құрайды. Бұл сома АҚШ федералдық бюджетіне тең болып табылады [3, 24 б.].

Қазіргі уақытта трансұлттық ұйымдасқан қылмыс – бұл материалдық пайданы алу мақсатында, трансұлттық қылмыстық нарықтардың ұйымдастыру арқылы логистикалық тасымалдау мен заңсыз тауарлар мен қызметтерді жеткізуге маманданған қылмыстық әрекеттердің алуан түрлі жүйесінің бірі.

Посткеңестік аумақта қазіргі ұйымдасқан қылмыстың негізінде оның экономикалық компоненті жатыр. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдерінің ішкі істер министрліктерінің мәліметтері бойынша, қылмыстық ұйымдардың төрттен бірінен (1/4) артығы қылмыстық қаражатын экономикалық дамыған аймақтардың заңды коммерциялық құрылымдары арқылы, сонымен қоса ресми бизнеске инвестиция салу, мүліктерді сатып алу арқылы заңдастырады [4]. Сонымен бірге, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастық елдерінде заңды кәсіпкерлердің көлеңкелі экономикаға көшуімен сипатталатын қарсы процестер күшейе түсті. Жоғары табысты қылмыстық жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік органдардың, оның ішінде әлеуетті құрылымдардың сыбайлас жемқорлық жасаған қызметкерлерінің, сондай-ақ құпия ақпаратқа қол жеткізе алатын коммерциялық ұйымдар қызметкерлерінің мүмкіндіктері пайдаланылады. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың көпшілігі қастандық жасаудың жоғары деңгейімен сипатталады, ал олар жасаған қылмыстар — жоғары жасырындықпен сипатталады [5]. Мысалы, Кайрбаев, Отарбаев және де басқа да тұлғаларға қатысты қылмыстық істі алайық, жедел әзірлеу нәтижесінде «Хоргос» и «Калжат» кеден бекеттерінде халықтың пайдалану тауарларын ұйымдасқан қылмыстық қауымдастық құрамында экономикалық контрабанда жасау фактісі бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 234 баптың 3 бөлімімен және 262 баптың 3 бөлімі бойынша қылмыстық іс қозғалды (*Приговор Специализированного межрайонного суда по уголовным делам города Алматы № 1-*

2/2013 от 24 января 2013 года URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31418989&pin=43654545).

Жоғарғы тұрған сот бірінші инстанциядағы соттың үкімін объективті деп таныды.

Жалпы іс бойынша 45 айыпталушы өтті. Сот пікірі бойынша, белсенді әрекет еткен ұйымдасқан қылмыстық қоғамдастық, ұзақ уақыт бойы Қытайдан Қазақстанға тауарларды заңсыз жолмен тасымалдаған. Іс материалдары бойынша, ұйымдасқан қылмыстық қауымдастық аса үлкен көлемдегі экономикалық контрбанданы жүзеге асырды. Сот істің басты айыпталушылары, қылмыстық ұйымның басшылары Кайрабаев пен Отарбаевты, қылмыстық қоғамдастықты ұйымдастыра отырып, оған басшылық жасаған үшін, экономикалық контрабанда, ақшаны заңдастыру, қылмысты ұйымдастыру, пара беру жағдайлары үшін айыпты деп шешті. Сот (судьяның) пікірі бойынша, «Хоргос» шекара бекетіндегі алаяқтық әрекеттерге жоғары лауазымдық тұлғалар қамқорлық жасаған [6]. Қылмыстық құрылымдар, іс жүзінде «көлеңкелі бизнеспен» күресуге тиіс арнайы қызмет қызметкерлерімен байланысқан. Сот тергеу әрекеттері барысында қылмыстық қауымдастық үшін қылмыстық әрекеттің құпиялығы, барынша жасырындылығы негізгі құрамдас бөлігі болып табылатындығы айқындалды.

Трансұлттық ұйымдасқан қылмыс, әрине, террористік және экстремистік қылмыстық топтардың іс-әрекеттерімен байланысты. Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық ұйымдардың түрі болып табылмайтын террористік және экстремистік бағыттағы трансұлттық қылмыстық ұйымдардың әрекеттерін бөліп қарастыру қажет. Олардың айырмашылығы жасалатын әрекеттің мақсаттарында жатыр: егер трансұлттық қылмыстық ұйымдар үстеме табыс табуды көздесе, террористік және экстремистік топтар идеологиялық мақсаттарды көздейді [7].

Террористік және экстремистік бағыттағы трансұлттық қылмыстық әрекеттер жөніндегі қорытындыларды нақтылау үшін сот практикасынан мысал ретінде республика аумағында қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыс жасаған, Абдикерова, Кадирсизова, Каскабаева, Жунусова, Шарипова және Кошалаковаға (2013 жылы қылмыстық істер жөніндегі Астана қаласының арнайы мамандандырылған ауданаралық сотының мұрағаты, Қылмыстық іс № 13410004100001) қатысты қылмыстық істі, сонымен қоса Ахметши, Катвай, Копенова, Абишева, Нурмагамбетова мен Костоева қарсы қылмыстық істерді келтіруге болады. Іс материалдарына сәйкес, «Ахметши дін ұстанбайтындарға қарсы қарулы джихад ұйымдастыру мақсатымен, моджахедтермен бірігіп, террористік топ мүшелерімен Афганистан территориясында қауіпсіздікті

қамтамасыз ететін халықаралық коалиция күштеріне қарсы қарулы қақтығысқа түсті» (*Қылмыстық іс дело № 10710104700025*).

Осымен байланысты И.В. Годунов ұйымдасқан топтар мен террористік топтардың трансұлттық қылмыстық әрекеттері келесі салаларда қиылысады деп шешеді: есірткі контрабандасы, қару-жарақ контрабандасы, ақпараттық технологияларды теріс пайдалану; адам саудасы және заңсыз көші-қон ұйымдастыру; жаппай қырып-жою қаруын тарату және тағыда басқаларды жатқызады [8, 145-146 бб.].

Б.М. Нургалиев, К.С. Лакбаев, А.В. Боретскийдің белгілеуі бойынша, ҚР ІІМ-не түсетін қылмыстық іс материалдары мен жедел ақпараттарды талдау нәтижелері, Ресейдегі қандайда бір этникалық ұйымдасқан қылмыстық топтың ықпал ету аясының тұрақты кеңею және қылмыстық әрекетінің бөлігін Қазақстан Республикасының аумағына аудару үрдісін көрсетеді [9, 3438–3439 бб.].

Соңғы он жыл ішінде ҚР ІІМ-мен қылмыстық жауапкершілікке ұйымдасқан қылмыстық топтың 2500 мүшесі тартылған, оның ішінде 531 басшы, 451 қылмыстық авторитет. 167 алып тасталынды және мыңға жуық ұйымдасқан қылмыстық топтар қосылды. Мемлекетке 105 млрд. теңге сомасынан асатын қаражат қайтарылды [9, 3438–3439 бб.].

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің аумағындағы трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың, табиғаты бойынша әлемдік трансұлттық қылмыстан айырмашылығы айтарлықтай аз. Сонымен қоса Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдеріндегі ұйымдасқан қылмыстың өзіндік ерекшелігі бар, оның ішінде мемлекеттік биліктің жоғары тұрған органдарына кең ену; қылмыстық қудалауға тиімді қарсы тұру мақсатымен ғана емес, Еуропа мен АҚШ дәстүрлі нарығындағы әлемдік қылмыстық басшыларды алмастыру мақсатымен күшін біріктіру; Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысатын елдердің шегінде қылмыстық жолмен табылған ақшалай қаражатты және басқа да мүлікті ұзақ уақыт шеңберінде шығаруға бағытталуы, тапсырыспен кісі өлтірудің кең қолданылуы, зорлықпен бопсалау, есірткі тасымалдау үшін транспорттық коридорлар жолдарын ұйымдастыру (Мысалы, Абрамчукка қарсы қылмыстық іс). Сотпен *«2011 жылғы маусымында, сотталушы Абрамчук, Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы заңсыз аса ірі көлемде есірткі мен психотропты заттарды тасымалдау ниетімен, сотпен анықталмаған Чехия Республикасы Прага қаласы тұрғынымен әрекет ету барысында алдын ала келісу арқылы Чехия*

республикасынан халықаралық бандерольдік почта арқылы Қазақстан Республикасы Астана қаласына аса ірі көлемде есірткі мен психотропті заттарды жіберуді келіскендігі» анықталды (2013 жылы қылмыстық істер жөніндегі Астана қаласының арнайы мамандандырылған ауданаралық сотының мұрағаты, Қылмыстық іс № 1710104100012).

Одан басқа есірткі тасымалдауға арналған транспорттық коридордың барын келесі мысалдан көруге болады. Қырғызстан Республикасының азаматы Эсентуров, 2013 жылдың 30 наурызында «БМВ-735» маркалы, Қырғызстан Республикасының мемлекеттік тіркелу нөмірі В 9099 Т автокөлігін басқарып, Қазақстан Республикасы Астана қаласы аумағында аса ірі көлемде 10 килограмм 141,364 грамм есірткі заттарын «героин» сату мақсатында Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасының шекарасын кесіп өткен (2013 жылы қылмыстық істер жөніндегі Астана қаласының арнайы мамандандырылған ауданаралық сотының мұрағаты, Қылмыстық іс № 13710003100459).

Азия және Кавказ аумақтарынан Батыс Еуропа елдерінде сыбайлас байланыстары бар, яғни мемлекеттік билік, құқық қорғау органдарында сыбайластары бар қылмыстық бірлестіктер басым рөлге ие (мысалға, Шымкент қаласы қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық сотының қараған ісі бойынша трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтың 6 мүшесі сотталды. Қылмыскерлер «Жора Ташкенский» деген белгілі «заңдағы ұры» басқаратын трансұлттық қылмыстық топты қаржыландырды. 2014 жылдың маусымында ұрылардың қазынасында 8,5 млн. тенге жиналды. Тергеумен анықталған 6 млн. тенге Мәскеудегі коммерциялық құрылым ретінде жасырын қызмет атқаратын трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топ қызметін атқаратын делдалға аударылды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының 2013 жылдың басында берген мәліметтері бойынша, жедел тіркеуге 1,5 мыңнан астам ұйымдасқан қылмыстық ұйым басшылары мен мүшелері, оның ішінде 15 трансұлттық ұйымдасқан топтар тіркелген [10].

Қылмыстық қоғамдастықтарды, ең алдымен, контрабандалық арналарының бірі ретінде Қазақстанның географиялық орналасқандығы қызықтырады. Басты мәселе – Ауғанстаннан Ресей мен Еуропа елдеріне Қазақстан мен Орталық Азия арқылы жеткізілетін героин транзитті. Шекарадағы көршілес елдердің қылмыстық элементтерінің бірігуі байқалады [11].

Әлемде және Қазақстандағы трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың жасырындығы себебінен бұл құбылыстың нақты

жағдайын анықтау мүмкін емес. Сонымен қатар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың ұлттық және жалпы ресми қылмыстық статистикасы тиісті деңгейде жүргізілмейді.

Сондықтан, барлық ірі трансұлттық қылмыстық ұйымдардың негізгі ұйымдастыру моделдері ұйымдастыру әрекетінің заманауи принциптері дәстүрлі элементтерін тиімді сабақтастыра отырып, үнемі дамып келе жатқанын айта аламыз. Олардың көпшілігі корпоративтік-желілік сипатқа ие, ол сөзсіз өзінің ұлттық ерекшеліктеріне ие, бірақ сонымен қатар, жаһандық трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың құрылуының негізі болып табылады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай отырып, трансұлттық ұйымдасқан қылмыс бүкіл әлемдік қоғамдастыққа үлкен зиян келтіретіндігін және ең қауіпті заңсыз әлеуметтік құбылыс екендігін атап өткен жөн. Бұл өркениетті елдерді осы қылмысқа қарсы бірлесіп әрекет етуге итермелейді.

ӘДЕБИЕТ

1. Воронин Ю.А. Транснациональная организованная преступность – Екатеринбург, 1997.

2. Лунеев В.В. Преступность XX века: мировой криминологический анализ. – М., 1998.

3. Репецкая А.Л. Транснациональная организованная преступность: дис. д-ра юрид. наук: 12.00.08 – М., РГБ, 2005.

4. Шамшиев У. Зло нельзя упускать из виду ни на минуту: [интервью с первым зам. директора Бюро по координации борьбы с организ. преступностью и иными опасными видами преступлений на территории государств-участников СНГ (БКБОП СНГ, Москва)] / записал Е.Денисенко // Вечерний Бишкек. - 2014. - 14 февраля.

5. «Главная задача наших реформ - не навредить» // Содружество (журнал Совета МВД СНГ). 2013. № 1–2. С. 9. RL: http://mvd.ru/upload/site1/document_journal/BkFOFgw8Y8.pdf

6. Тогузбаев К. По «Хоргосскому делу» осудили и условно, и до 17 лет тюрьмы [Электронный ресурс] / К. Тогузбаев. - Режим доступа:<http://rus.azattyq.mobi/a/prigovor-po-khorgosskomu-delu/25332297.html>

7. Сакенова А. Хоргосский спрут / А. Сакенова // Юридическая газета. - 2014. - 30 января.

8. Годунов И.В. Транснациональная организованная преступность в России: пути и формы противодействия: дис. д-ра юрид. наук: 12.00.11. / И.В. Годунов. - Рязань, 2002. - 604 с.

9. Nurgaliev B.M. Organized Crime in Kazakhstan: The Past, the Present, Development Tendencies and Social Consequences // Journal of Applied Sciences. - 2014. - Vol.4. - P.3436-3445.

10. Ташкинбаев Р. Правоохранительные органы Казахстана упрекнули в нежелании противостоять ОПГ // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pravoohranitelnyie-organyi-kazahstanaupreknuli-v-nejelanii-protivostoyat-opg-227607

11. Романов С. Самая основная проблема - это транзит героина из Афганистана через Казахстан и ЦА – Альфред Пэрис [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://bnews.kz/ru/news/post/211031>

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются основные проблемы борьбы с транснациональной преступностью в Республике Казахстан.

SUMMARY

This article considered the main problems of combating transnational crime in the Republic of Kazakhstan.

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» [1] мақаласында айтылғандай: «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды».

Шынында таулар жүйесі, кең дала, мол су ресурстары, түрлі табиғи байлықтармен қамтылған Қазақ жері бірегей физика-географиялық шарттарды иеленді. Бұл ахуал ежелден халқымыз үшін мал шаруашылығы мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Жылқы қазақ халқының күнделікті шаруашылық-тұрмыстық өміріндегі төрт түліктің ішінде маңызды орын алады. Өйткені жылқы қатынас құралы ретінде қолданылды, иесінің досы саналды, байлық көрсеткіші және азық құралы мен кейбір емдік қасиеттері үшін бағаланды. Қазақ халқында «Арыстан аң патшасы, жылқы мал патшасы», «Ер қанаты - ат», «Жігіттің сорлысын, аттың жолдысы теңестіреді» деген қанатты сөздер де бар. Қазақтар жылқыны бағалап, қорғай білді және жылқыны «есті жануар», «тілсіз адам» деп атап көрсетті. Адамдар өз балаларын еркелетіп «құлыным», «құлыншағым» десе, әділ әрі шыншыл адамдарды «арғымақ» деді, жылқыны адамдар секілді «қарағым», «шырағым» деп еркелетті [2].

Жылқы шаруашылығының қарқынды түрде дамуы және қоладан сенімді жүгендердің көп шығуына байланысты ежелгі көшпенділер қоғамында (немесе скифтер мәдениетінде) салт атты адам (кентавр) бірінші орынға шықты. Бұл элементтер күйме арбалар мен атты басқарудың алғашқы дағдылары қалыптасқан

бұдан бұрынғы қола дәуірінің мәдениеттерімен генетикалық тұрғыда байланысты Шығыс дала мәдениеттерінде кеңінен тарады. Дәл осы осы аймақта аттардың түрлі тұқымдарын өсіруге назар аударылды [3].

Н.А. Боковенко өз зерттеу жұмысында осы тұжырымдамаға сүйене отырып және алғашқы көшпенділердің археологиялық мәдениетін кезеңдерге синхрондауда сақтар дәуірі ат әбзелдерінің дамуын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болатынын айтады: 1 кезең – алғашқы (ерте сақ – аржандық – майәмирлік – киммериялық) – б.э.д. X-VII ғғ.; 2 кезең – классикалық (сақ – алды-бель – ерте скифтік) – б.э.д. VII-VI ғғ.; 3 кезең – соңғы (Берел-пазырық – саглын – соңғы сақ) – б.э.д. V-III ғғ. Ғалым бұл еңбегінде ат әбзелдерінің типологиялық сыныпталуына сипаттама беріп, осы кезеңдегі заманауи элементтер ерте сақ дәуірінде қалыптасқандығын айтады. Бұл кезеңде ер тоқым енді ғана қалыптаса бастаса, үзеңгі ерте ортағасырларда пайда болғандығын айқындайды [4].

Д.Ф. МкМайкен өз ғылыми жұмысында археологиялық зерттеулерде жылқыны қолға үйрету б.э.д. 4000 жылы басталды деген мәліметтерді келтіреді. Қолға үйрету терең әлеуметтік және экономикалық салдар иеленіп, көшпенді мәдениеттің дамуына әсер етті. Атқа мінудің дәлелі ретінде месопотамиялық тақтайшалар мен Мари корольдерінің хат алысулары жатады (б.э.д. 2000 ж.). Тиімді жаттығулар мен құралдар, екі дөңгелекті күйме арба, металл сақа мен иілген садақтың дамуы соғыстың қауіпті қаруына айналды. Әсіресе, Орталық Азияда үстемдік еткен көшпелі скифтерде (Б.э.д. 1000-500 жж.) атты садақшылар колесницаларға көшті. Таяу Шығыста (Ирак) ассириялықтар қуатты әскери империя құрып, ауқымды және тәжірибелі атты әскер пайдаланды (Б.э.д. 900-612 жж.). Кавалерияны атқа салт мініп жүруді үйрету туралы мәтін Афина генералы Ксенофонт жазбаларында сақталған (Б.э.д. 400 ж.). Жылқыны мал жаю, көлік пен спортқа пайдалануға қарамастан, оның әскери рөлі үнемі ынталандырылып отырды [5].

Г. Хельгадоттир [6] зерттеу жұмысында атқа міну мәдениетін мәдени туризммен байланыстырады. Оның пайымдауынша, салт атпен жүру аңсау мен романтика элементтерімен үйлеседі. Сондықтан автор туризмдегі атқа міну мәдениетінің табиғатын күрделі құбылыс ретінде санайды.

Жылқы индустриясындағы «Табиғи атқа міну мәдениеті» ұғымының енуі мәдени өзгеріс болып табылады. Міне осы мәдениетті толықтай түсінген адам ғана жылқының табиғатын ұғына алады. Бүгінгі таңда атқа міну мәдениетімен байланысты көптеген технологиялар өзгерістерге ұшырауда. Әсіресе,

жаттығулар кезінде қамшыларды қолдану технологиясы көп сынға ұшырауда [7].

Жылқы, білім мен технологиялардың табиғи қатынастары зерделенген зерттеу жұмысында адам, табиғат пен мәдениет арасындағы ойлар сарапталады. Адам мен ат арасындағы байланыстарды зерттеген жұмыста әлеуметтік ғылымдар мен күнделікті өмірдегі ерекшеліктері дәйектелді. «Жылқы» мен «Салт атпен жүру өнері» туралы түрлі идеялар әлеуметтік ортада жүзеге асырылуына мән беріледі. Авторлар табиғатты адам құндылықтарына сай жасау дәстүрлер, иерархиялар, эволюция мен әлеуметтенудің ерекше түсініктерін алып тастап, өмір салтын таңдауда этика мен теңдікті сақтауға септігін тигізетіндігін айқындауға тырысады [8].

Далалық Еуразияның ежелгі атқа міну мәдениетінің ауқымды мәліметтері Ресей археологы, тарих ғылымдарының докторы М.А. Очир-Горяева [9] еңбегінде көрсетілген. Ғалым диссертациялық жұмысында Аң стилі әшекейлерінің тегістеліп, бұйымдардың келбетінің үлдіреуі анықтығын жоғалтқан. Нәтижесінде бұрын белгісіз болған жаңа бейнелер - салт атты, бұланның мүсіндік бейнесі және т.б. пайда болды [10].

Қорыта айтқанда, атқа міну мәдениеті Ұлы дала халқының адамзаттың технологиялық, өндірістік және мәдени дамуындағы үлкен үлесі болып табылады. Бұл туралы мәліметтерді ежелгі грек, қытай, араб және парсы деректерінен табуға болады. Ұлы даланы мекендеген тайпалар дамыған технологиялар негізінде жаулармен күресте жетістіктерге жетті. Орасан зор қашықтық, ауқымды кеңістікті осы мәдениет арқылы игеріп, жаңа әлеуетті мемлекеттер құрды.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. – // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 қараша.
2. Mursalimova M. A role of the horse in Kazakh culture // [Electronic resource]. - Access mode: <https://e-history.kz/en/publications/view/2031>.
3. Витт В.О. Лошади Пазырыкских курганов // Советская археология. - 1952. - №16. - С.185-224.
4. Боковенко Н.А. Формирование конского снаряжения ранних кочевников Центральной Азии // Мир Большого Алтая. – 2017. - №3 (4). – С. 11-12. – С. 8-42.
5. McMIken D.F. Ancient origins of horsemanship // Equine Veterinary Journal Volume. – 1990. - №22 (2). – P. 73-78.

6. Helgadóttir G. The Culture of Horsemanship and Horse-Based Tourism in Iceland // *Current Issues in Tourism*. – 2006. - №9 (6). – P. 535-548.

7. Birke L. «Learning to Speak Horse»: The Culture of «Natural Horsemanship» // *Society and Animals*. – 2007. - №15(3). – P. 217-239.

8. Latimer J., Birke L. Natural relations: Horses, knowledge, technology // *Sociological Review*. - 2009. - №57 (1). – P. 1-27.

9. Очир-Горяева М.А. Древние всадники степей Евразии. - М.: ТАУС, 2012. - 470 с.

10. Очир-Горяева М.А. Погребения с захоронениями коней и предметами узда Северного Причерноморья, Нижнего Поволжья, Южного Приуралья и Горного Алтая конца VI - III в. до н.э. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук: 07.00.06 – Археология. – Казань, 2014. – С. 32. – 47 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье анализируется значение понятия всаднической культуры.

SUMMARY

This article analyzes the meaning of the concept of culture of horsemanship.

АҢ СТИЛІ: ҒЫЛЫМДАҒЫ ТҮСІНІКТЕР

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Аң стилі – бұл ежелгі өнерде кеңінен таралған жеке жануарлардың, олардың дене бөліктерінің, бірнеше жануарлар композицияларының стильдендірілген суреттерінің жалпы шартты атауы. Бұл стиль алғаш рет қола дәуірінде пайда болды. Стиль темір дәуірінде және ерте классикалық мемлекеттер өнерінде дамуын бастайды. Оның дәстүрлері орта ғасырлар өнерінде, халықтық шығармашылықта сақталған. Скифтік өнерде, ежелгі германдықтардың угро-финдік мәдениетінде ерекше дамыды.

Аң стилінің бастауы алғашқы қауымдық тотемизм, яғни жануарларды адамзаттың арғы атасы ретінде аса дәріптеумен байланысты. Сонымен бірге, алғашқы қауымдық аңшылардың «натуралды стильдегі» өнері деп те аталады. Бұл тұста «аң стилін» нормандық және романдық өнерде, тератологиялық ежелгі орыс сарындарына таралған алтыншы-он үшінші ғасырдағы абстракттылы аң өрнектерімен байланыстыруға болмайды. «Аң стилі» ұғымының кең түсінігі зооморфты белгілер ұғымына келеді.

Аң стилінің ежелгі үлгілері алғаш рет б.э.д. үшінші мыңжылдықта Месопотамия мен Египетте, б.э.д. екінші мыңжылдығында Үндістан, Қытай мен Азияда белгілі бола бастады. Бұрынғы Кеңестер елінде аң стилінің ежелгі үлгілері б.э.д. үшінші мыңжылдыққа жататын Солтүстік Кавказ бен Закавказьеде табылды. Б.э.д. екінші мыңжылдықта аң стилі Приуралье, Поволжье, Орта Азия мен Оңтүстік Сібірде пайда болды. Аң стилі б.э.д. бірінші мыңжылдық пен біздің эрамыздың бірінші ғасырында Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы скиф-сармат өнері, Оңтүстік Сібір тайпаларының өнерінде мейлінше жоғары дамыды.

Скифтік аң стилі ирандық және азиялық өнердің ықпалында қалыптасты. Қара теңіз жағалауында аң стиліне антикалық өнер ықпал жасады. Скифтік аң стиліне табиғи ерекшеліктерді шебер бақылау, жануарлар бейнесі мен олардың қимылын шынайы бейнелеу, жануарлар күресін бейнелейтін суреттердегі динамикалық тән.

Жабайы құстар мен аңдар, шөпқоректі жануарлар, фантастикалық құс – грифондардың бейнесі кеңінен таралды.

Суреттерді бейнелеу тәсілдері, металдарға құю мен нақыштау, киіз бен теріні бастырмалау да әр түрлі болды [1].

Э.С. Бункер, Б.С. Чатвин, А. Фаркастың [2] бірлескен еңбегінде төмендегідей анықтама беріледі: «Аң стилі өнері ерте темір ғасырында аңдар бейнесіне екпін беруімен ерекшеленетін Қытайда, Солтүстік Еуропада миграция кезеңінде табылған варварлық өнер, безендіру тәсілі. Әшекейлердің зооморфтық өрнегі экономикасы сауда мен ұрлықпен толықтырылған, жануарларды өсіру мен жаюға негізделген мал өсіруші жауынгерлердің ұсақ бұйымдары үшін пайдаланылды».

А.К. Акишевтің [3] сақтардың өнері мен мифологиясы зерттелген жұмыста Қазақстан мен Орта Азияның ежелгі көшпенділері - скиф-сақ аймағындағы тайпалардың бейнелеу шығармашылығы зерттеледі. Зерттеуде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу, Оңтүстік Сібір мен Орта Азиядағы патшалар жерленген аймақтарда табылған өнер туындылары жұмыстың негізгі материалдары болды. Есік, Теңлік, Бес-Шатыр қорғандарынан табылған кешендер Сібір, Алдыңғы Азия мен Орта Шығыстағы өнер туындылары арасындағы ұқсастықтарын талдауға ерекше назар аударылады. Аң стилінің «жетісулық мектебінің» даму кезеңдері ерекшеленді.

Орталық Азияның солтүстігіндегі кескіндеме дәстүрлеріндегі аң стилі мен шаманизм мәселелері зерттелген еңбекте [4] көзқарас басқаша. Автордың пайымдауынша, Скифтік аң стилі варварлық өнер туындысы ретінде есептелмеуі қажет, ол шаманизмнің өнері болуы ықтимал. Бұл көркем стиль Бактриялық темір дәуірі өнері немесе Луристан стилімен салыстыруға болатын әскери тектіліктің белгісін танытады. Қоғамның жоғары тап өкілдерінің кейбір репрезентативті әшекейлері сақталған. Көшпенділер өнерінің ықпалы оңтүстік еуразиялық мемлекеттерден келген, демек бұл стильді көшпенділер әкелді деуге негіз бар. Скиф өнерінің байлығы Сібір алтынының болуымен байланысты деп те айтуымызға болады.

Солтүстік Еуразияның діни өнеріндегі «аң стилі» және оның Батыс жарты шарындағы ұқсастықтарына түсініктемелер мен жауаптар берілген еңбекте [5] зооморфты белгілер, оның ішінде екі бастылық тақырыбының көркем вариацияларының жан-жақтылығы Жаңа және Ескі Дүниедегі этноархеологиялық мәдениеттердің иконографиялық тәсілдерінде маңызды өлшем болып табылатындығы айтылады. Тіпті бүгінгі таңда Солтүстік Еуразияның, Солтүстік және Оңтүстік Американың аңшы халықтары мен ұрпақтарының мал шаруашылығы дәстүрлерінде дамып жатқан бұл белгілер Солтүстік Америкаға шамамен 14 000-10 000 жыл бұрын Берингия арқылы келуі мүмкін.

Б. Нургожинаның [6] Есік, Пазырық, Шілікті қорғандары мысалындағы скиф-сақ аң стилінің пайда болуы және оның стилистикалық ерекшеліктері зерттелген еңбекте көптеген мәліметтер алуға болады. Ф. Энгельстің анықтамасына сәйкес, скифтік заман бұл әскери демократияның, ұлттық батырларды тудырған үздіксіз варварлық соғыстардың, өз кезеңінде болмаған экономикалық өрлеу мен өнердің гүлдену кезеңі. Батырлар эпостары пайда болып, дамиды, скифтік-сібірлік аң стилі деп аталған бейнелеу өнерінің ғажайып кезеңіне жетеді [6, 267 б.].

Азия территориясында қалыптасқан, әлемдік өнер тарихындағы ерекше құбылыс аң стиліне сақ тайпалары негізгі рөл атқарды. Б.э.д. 7-3 ғасырлардағы сақ, савромат және скиф конфедерацияларындағы саяси тұрақтылық скиф-сақ аң стилінің гүлденуін қамтамасыз етті. Зооморфты бейнелер (құс – тұяқты жануаралар – жыртқыш) триадасы дүние (космос) мен қоғам үйлесімділігі идеясын көрсетті [6, 268 б.].

Түрлі ежелгі елдердің ескерткіштерін салыстыру негізінде көптеген ғалымдар сол алыс кезеңдерде скифтік аң стилі Алдыңғы Азияның көптеген тайпалары мен халықтарының өнеріне ықпал жасады: ассириялық, вавилондық, урартулық, Мидо-Парсылық және т.б. Фактілік материалдар негізінде М.Қ. Қадырбаев скифтік аң стилі Қазақстанда Қара теңіз жағалауы даласынан бұрын пайда болғанын дәлелдейді [6, 269 б.].

Алдыңғы Азия мен Қазақстандағы ескерткіштерді салыстырмалы-салғастырмалы талдау арқылы айқындадық: біріншіден, скиф-сақ аң стилі Алдыңғы Азияда пайда болған датадан бұрын дүниеге келген. Екіншіден, Алдыңғы Азия мен Қазақстандағы жануарлардың бейнелері стилистикасын талдау барысында техникалық және көркемдік әдістері арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындадық [6, 273 б.].

Пазырық өнеріндегі аң стиліндегі бейнелеу мен композициялауға арналған еңбекте [7] белгілі бір бейнелердің семантикасын қайта құру талпынысы жасалады. Пазырық өнеріндегі ең танымал бейне мифологиялық грифон Аристей мен Геродот еңбектерінде кездесетін пазырық халқының «алтынды қорғаушы грифондармен» теңестіруі мүмкін. Жыртқыштықтың мифологиялық көрінісі классикалық тарихшылар мен географтардың мәліметтеріндегі Скифияны сипаттау барысында сәттілік әкеледі деп көрсетіледі. Алтай тауларында мекен етуі мүмкін құстардың бейнесі пазырықтық салтанатты бас киімдерінің төбесін безендірді. Бұл бейнелер мифологиялық сенімде де пайда болды.

Жас ғалым А.Б. Сагандыкова зерттеу жұмысын былайша қорытындылайды: «... көптеген зерттеушілер аң стилі

ескерткіштерінің нақты семантикасы (*семантика заттар мен құбылыстардың мән-мазмұнын зерттейтін тіл білімінің саласы*) бар деп белгілейді. Мұны түсіндіру скиф-сақтардың тотемдік, әдет-ғұрыптық, сиқырлық, діни-мифологиялық, дүниетанымдық секілді басқа да түсініктерін қарастыруға әкеледі» [8].

Сақ-скиф аң стилінде жабайы құс қыран ерекше танымал. Қыран құсының басы бейнелеген суреттер Орталық Азияның ежелгі көшпенділері өнерінде кеңінен таралған. Қыран барлық ежелгі өркениеттердің мифтері мен нышандарында қамтылған және бұл бейне аспан (күн) күші, от пен мәңгіліктің тұрақты және әмбебап мағынасын іске асырады. Сондай-ақ қыран жоғары империялық биліктің нышаны ретінде оның таңғажайып тегін білдіреді. Бұл бейненің көшпенділер ортасында таралуы соғыстың рөлі мен көшпелі қоғамдағы әскери аристократияның өсуімен байланысты [9].

Темір дәуірінің басындағы Қазақстан даласы мен іргелес территорияларда «аң стилі» кеңінен таралды және олардың арасында «бұғы» танымал бейнелердің бірі. Бұғыларды құрметтеу Еуропаның солтүстік аймақтары мен Азияның ежелгі мәдениетінен басталады. Адамдар бұғыларға жан-жақты бас иді: кейбір мәдениетте ол қасиетті жануар болды, басқаларында бағалы аңшылық олжа саналды. Еуразиядағы ең ежелгі бас ию белгілерін тас ғасырындағы бейіттерді қазу барысында табылған бұғы мүйіздері археологиялық қайнар көздерді айтуға болады. Олар марқұмдардың бастарында жатыр. Осыған байланысты көптеген сарапшылардың пікірінше ежелгі адамдар бұғыны о дүниемен тығыз байланысты және рухты тасымалдаушы рөлі болған деп санаған. Бұғыға табынушылық палеолит кезеңдерінде де сақталған; бұғылардың суреттері үңгірлерде салынып, кейін жартастарға ойылып кескінделген. Әлбетте, әр халықта жаңа діни көзқарастардың пайда болуы аңның бейнелік кескіндемесін жляды, кейде кеңейіп, тіпті жаңа мағына иеленеді. Кейбір тайпалар мен халықтар үшін темір дәуірі мен орта ғасырларда бұғы тотемдік аң ретінде есептелді. Бұғыны құрметтеу көптеген елдерде сақталған. Мәселен, қазақтар мен басқа түркі тілдес халықтар осы уақытқа дейін бұғыны киелі жануар санайды. Асыл бұғы бейнесі түрлі жанрларда есте сақтауға бағытталған адамдардың рухани және материалдық мәдениеті бұл сөзімізге куә [10].

Еліміз қазіргі жаһандану дәуірінде өз археологиялық мұраларын сақтап қалды және заман талабына сай дамуына мүмкіндіктер туғызуда. Аң стилі өнер тарихының дамуына, қазіргі заманғы бейнелеу өнерінің мәдени қырын түсінуге және оның мәдени маңыздылығын айқындауға септігін тигізеді.

ЭДЕБИЕТ

1. Звериный стиль // [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://see-art.ru/?item=bc79ec49-ff11-43f2-a95e-cf7db2a63b52&termin=8d0847bd-57a2-4a1e-9262-63a948b1ba45>
2. Bunker E.C., Chatwin B.C., Farkas A. Animal Style Art from East to West. - Asia Society, 1970. - P. 13. – 185 p.
3. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. - Алма-Ата: Наука, 1984. - 176 с.
4. Brentjes B. Animal Style' and Shamanism Problems of Pictorial Tradition in Northern in Central Asia. // In: Kurgans, Ritual Sites, and Settlements Eurasian Bronze and Iron Age. Edited by Jeannine Davis-Kimball, Eileen M. Murphy, Ludmila Koryakova and Leonid T. Yablonsky. BAR International Series, 2000. - P. 259-292. – 324 p.
5. Mundkur B., Bandi H., Jett S., Kubler G., Murray W., Wicke C. The Bicephalous «Animal Style» in Northern Eurasian Religious Art and Its Western Hemispheric Analogues [and Comments and Reply] // Current anthropology. – 1984. - №25 (4). – P. 451-482.
6. Нургожина Б. Проблема происхождения скифо-сакского звериного стиля и его стилистические особенности на примере курганов: Иссык, Пазырык, Чиликты // Номады казахских степей: этносоциокультурные процессы и контакты в Евразии скифо-сакской эпохи: Сборник материалов международной научной конференции. - Астана, 2008. – С. 267-273. - 378 с.
7. Cheremisin D.V. On the Semantics of Animal Style Ornithomorphic Images in Pazyryk Ritual Artifacts // Archaeology, Ethnology and Anthropology of Eurasia. - 2009. - №37 (1). – P. 85-94.
8. Сагандыкова А.Б. Из истории изучения звериного стиля // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия исторические и социально-политические науки. – 2012. - №1 (32). – С. 156. – С. 154-157.
9. Toleubayev A., Zhumatayev R., Baimuhamedova D. Image of an Eagle in the Art of the Early Nomads // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. - №122. – P. 240-244.
10. Omarov G., Baigunakov D., Sabdenova G. The Deer in Iron Age Art in Central Asia: the common trends in perception of images // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2014. - №122. - P. 269 – 272.

РЕЗЮМЕ

В данной статье проводится анализ понятий в науке озверином стиле.

SUMMARY

This article analyzes the concepts in the science of animal style.

ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ҚАЛДАН БИ

*Ахметов Молдабек Меңлибайұлы,
заң ғылымдарының кандидаты
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Қалдан Талқанбайұлы ел аузында бірде батыр, енді бірде би деп аталады. Қалдан 1819 жылы Жанадария өзенінің бойындағы бабалар қонысында туып, 1912 жылдары Дін өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болған. Ахундарға қамқорлық жасап, оларға мешіт тұрғызып, қажетіне «Тарғыл тауы» қасына көшіп келе жатқанда қайтыс болып, сонда жерленген. Қорқыт аңыздарынан бұл қыраттар «Тарғыл тана», «Тарғыл тауы» аталғанын білеміз. Осы өңір Тарғыл тау атымен қатар «Қалдан батыр тамы» деп те аталады. Ежелгі карталарға да осылай енген.

Қалдан би қолына найза ұстап жауға шаппаса да халық аузында Қалдан батыр атанған. Қалданның өзі ірі кісі болыпты. Үнемі мауыты киім, киіп қайқы қылышын беліне асып жүреді екен. Ақжарқын, алды кең би болған.

Бидің бәйге аттары («Көкбесті», «Қара жорға», «Торы алаяқ» т.б.) 1857, 1890, 1898, 1902, 1904 жылдардағы жарыс сайысының алдын бермеген. Сондай-ақ, Қалдан би елдегі ақын-жырауларды демеп отырған. Дін өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болған. Ахундарға қамқорлық жасап, оларға мешіт тұрғызып, қажетіне мал беріп Сыр елінде діннің дамуына үлкен ықпал етеді. Қалжан, Садық, Дәулетназар ахундарға жақын ағайындарының қызын қосып, олардың жақсы отбасы болуларына нақты көмектерін аямаған. Осылайша Қалдан би діндарлардың Сыр бойында тұрақтап қалып, мұсылман дінінің инабатты қағидаларынан жас ұрпақтың қағажу қалмауына тиісті ықпал еткен бірден-бір адам.

1904 жылы Өзбекстанның «Ұзын төбе» деген жерінен Сарғасқаның Жанғабылынан естияр бірнеше адамы (XVII ғасырларда кеткен) Қалдан биге келіп, танысып, аралас-құралас болыпты.

Сыр сүлейлерінің басы болып есептелінетін Дүр Оңғар Қалданның өмірге келер алдында бабаларының көрген түсін былайша өлең етіп жырлаған:

Майлыбай ер түс көріпті,
Түсінде бір ғажайып іс көріпті.
Астында алтын таққан тағыры бар,
Үстінде бір ақсұңқар құс көріпті.
Көз ұйқыда, көкірегі ояу екен,

Отауы оң жағынан өртеніпті .
Иншалла, оттай қаулап өсермін деп,
Бақ-дәулет мол перзантке үш бөліпті.
Айтқаны әулиенің болып қабыл,
Ақыры өзіңізге түс келіпті.

Шынында да ақындар жырға қосқандай Қ. Талқанбайұлы жасынан алғырда, зерек болып өседі. Халық арасында Қалданның есімі 1842-1844 жылдардан бастап кең таралып, арғы бабасы Жәрімбет сияқты кең тынысты, бөлек шешім, бөлек кесімді бидің бидің өсіп келе жатқанын іс жүзінде көрсете біледі.

Қалдан батыр Талқанбайұлы Қазалыда өткен Мерейдің (1902 ж.), Қармақшы өңірінде өткен Бекетовтың (1901 ж.), Жалағашта өткен (1903 ж.) Сейіл болыстың, Ырғызда өткен Сардар Алмат Тобабергеновтің (1894 ж.), асын басқарушы, әділ төреші, қазы ретінде көрген. Салтанатта бейбастықтың орын алмауына, ат бәйгелерінің әділ болуына әрдайым күш салатын кісі екен.

Кезінде Қалдан би жалғыз Сарғасқа руы емес, Кете-Шөмекей түгел сыйлаған, ел тізгінін ұстаған адам. Қазалыда өткен үлкен бір аста Қалданның інісі болып саналатын Төребай би қонақасы үстінде ас иесі Құлбараққа: «...Сіздерде ат көтермелеу бар, ал бізде тентек шал бар. Ат көтермелеулеріңе біздің шал көне қоймайды. Осыдан соң үлкен асты Қалдан батыр басқарады. Бұрынғыдай аттарды көтермелеуге қатаң тыйым салынады», - десе керек. Міне, осынау шағын әңгімеден Қалдан бабамыздың қажырлыда қайратты, қабырғалы би болғанын көреміз, айқын сезінеміз.

Сейіл Байқадамұлының (болыс, би, батыр болған адам) 1903 жылы Шоқтөбеде асы беріледі. Сейілдің асын басқаруды ауылы аралас, ағайын Кете-Шөмекейдің билігін ұстаған Қалдан Талқанбайұлына беріпті.

Қалдан батыр өзінң адамдарымен түн ішінде келеді. Күтіп алған, арнайы тігілген үй көрінбеді. Ат үстінде Қалдекең: - Уа, күте алмайтындарың бар, ас жасап, алыстан ағайын шақырмай-ақ өздерің өткізе бермедіңдерме? – деп ашумен сөз сөйлепті. Шөмекейлерді күтіп алуға белгіленген Құлпейісұлы Пірмағамбет жүгіре шығып, айыбын мойындай: - Батыр, төрелігіңізге құлдық, бұрынғы жақсыларымыз өмірден өтіп кетті. Біздер жаман туып, сіздерді қарсы алуға жарамадық, Қалдеке, айып бізден, - деп аттың шылбырын ұстап арнайы үйіне апарған екен. Кемшілігін мойындаған іні сөзіне риза болған батыр осында әңгіме – дүкен құра отырып Ақжігітке: - «Жігіт елмен бірге өсер керек, ретсіз шыққан сөзді кесер керек», – деп көрікті сөздің көрігін одан әрі қыздырыпты.

Қалдан Талқанбайұлы, Әлім Жетес, Құлбарақ, Ескөбек, Шөмекей Бақа, Төребай, Кете Кішкентай, Бекмырза, Тұңғышбай

т.б. аралас-құралас болған. Әсіресе, Қаратамыр Төребай би мен Қалдан батыр айнымас дос болыпты. Оны Қалдан бидің Төребай қайтыс болғанда айтқанынан – ақ сезінеміз.

Мұнау тұрған сұм жалған,
Сұм жалғаннан кім қалған.
Кешегі Алматты да алған,
Қошқаралы Сансызбай.
Сақидыда алған сұм жалған.
Төребай, сен де өлдің бе? –деп жылапты.
Атақты Тұрмағамбет ақын:
Батыр Қалдан,би Бақа,
Көнеден қалған гүжімдей.
Ойлағандарға олардың,
Жүздері жарқын сөзі ыстық.
Сөйлеген сөзі жүзімдей.

Міне, Сыр өңірі ғана емес, бүкіл қазақ даласына аттары мәшһүр екі ақынның Қалдан батыр туралы шығарған жырлары осылайша айбатты би әрі батыр бабамыздың сом тұлғасын жасап, оның қандай адам болғаннан нақтылай түседі.

Көрнекті ақын Асқар Тоқмағанбетов «Жыр күмбезі» атты романында Қалдан батырдың көркем бейнесін жасап, оның үлкен қайраткер болғанын былайша суреттеген: «...Мардан (Қалдан – Т.Д.) топ бәйге аттары шабатын жолды өз көздерімен көріп қайтуға жүріп кетті. Мардан семіз кісі еді. Қорабаланы сабадай шайқатылып, талма түстің шағында мазасы кетіп келеді. «...Батыреке» десең басын беретін жомарт,мейрімді кісі», - деп жазған.

Бір ғана шағын өңірдегі 12 ауылдан 4 мешіт үйін салдырып, оған биліктіде білімді молдаларды Бұхарадан алдырған. Халық қаражатымен имамдарды ұстау сияқты рухани істі барын аямай талай қазақ баларының мұсылмандық жолдағы істеріне басшы бола білді. Өзінің мұсылмандық парызын да адал орындаған кісі. Арық қаздырып, ағаш еккен, кедей – кепшікке жәрдемі тиген, ел балаларын оқытқан.

Қалдан Талқанбайұлы Сарғасқаның Өтебайынан тарайды. Өтебайдан – Жанғабыл – одан Майлыбай. Майлыбайдан Айтуған – Талқанбай туған. «Тақыр жерге шөп шықпайтындығын» ескерсек, жұрт айтып жүргендей, Қалданның өз әкесі мен арғы бабалары да биліктен құр алақан болмаса керек, бұл – бір. Екіншіден, Қалданның өз басы сонау Ырғыз бен Қызылорда арасындағы елге билік айтқан Төбе би атанған адам. Кезінде Кенесары хан Созаққа аттанар сапарында екеуара пікірлескен көрінеді деген сөздер әлі бар ел ішінде. Ал туған ағасы Ерболаттың есімі Ресей құжаттарының бірінде айтылады. Онда Ерболат Талқанбаевтың

234 үйді басқарғанын (25 ақпан, 1866 ж.) жазады. Ал Қалдан батырдың үлкен ұлы Тәшірбай Талқанбаев әскери-губернатурдың бұйрығымен 1874 жылы Қосбөгет (Қышбөгет) болысының бас биі болып тағайындалса, екінші ұлы Құлманбай Қалданов 1896-1901 жылдар арасында Қаракөл – Қуандария болысының басқарушы болып сайланған. Оларда бабасы сияқты өз билігінің пайдасы қазақ ұлтына болсын деген қағидамен жұмыс атқарыпты.

Қалдан батыр Талқанбайұлы ел мен елді біріктіруді, ауылдар арасындағы дау-жанжалды бейбіт жолмен шешуді мақсат тұтқан, өзгелерге осы жолды үлгі еткен. Әлім мен Табын, Кете мен Әлім, Шөмекей, Алтын рулары арасындағы үлкен-үлкен дауларды шешуде Қалдан бидің ықпалы өте күшті болыпты.

Әлім Мерей дегеннің асына барғанда Сердалы би Қалекенге қарап:өзінің перзентсіз екенін мұңая айтқанда. Қалдан би, кәні қолыңды жәй, бір ұл, бір қыз бергіздім деп батасын берген. Батасы қабыл болып Сердалы би бір ұл, бір қызды болып, сол қуанышына Қалдан Талқанбайұлын шақырған екен.

Биені ұрлаған ұрыға бидің айтқаны: «Адал кәсіппен дүние тапсаң еліңе елеулі боласың, арамдық, ұрлық жолы тар». Бір би Қалданға қарсы шыққысы келіп отырған үйінен үндемей шығып кетіпті. Сол бидің жолдастары мұның себебін сұрағанда – Қалданныңда жолбарысы бар екен, тіпті арланы екен, менің қаншық жолбарысым арланды көріп, артын қысып кетті, деп күле жауап қатыпты.

Бұл биенің етінде бұлардыңда сыбағасы бар.

Қашқанға қуған ермек, -

деген Қалекен сөздеріде кездеседі.

Нұржан Жұдырықовтың Қалданға атты өлеңінде:

Қайран ер, жатырмысың батыр Қалдан,

Имарат құтты болсын жайың салған.

Шерідей серпіп едің тірлігінде

Береді-ау кімге опа дүние жалған.

ӘДЕБИЕТ

1. Билер сөзі: Шешендік толғаулар, шешендік арнаулар / Құраст: Т.Кәкішев.- Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160б.

2. Дәдебаев Ж.Д Билер мен шешендер. Оқу құралы. - Алматы, 2007.

3. Козлов Н.А. Обычное право киргизов 1882 // Вестник верховного суда.- 1993. - №2.

4. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о героическом правлении Калдана Талканбаевича, который жил в Сырдарьинской области и прославился своим героизмом.

SUMMARY

The article tells about the heroic rule of Kaldan Talkanbaevich, who lived in the Syrdarya region and became famous for his heroism.

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ ЭТИКАСЫНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

*Аргинбекова Гулнар Ишанбековна,
заң ғылымдарының кандидаты;
Қындыбаева Римма Раушанбекқызы,
оқытушы, заңтану магистрі
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Полиция қызметкері өзіне Қазақстан Республикасы заңдары бойынша жүктелген міндеттерді өз халқы мен қоғамды түрлі құқық бұзушылықтан, зорлық зомбылық, ұрлық, теріс әрекеттерден қорғау сияқты әрекетімен көрініс табады. Полиция қызметкері оған заңмен жүктелген міндеттерді бұлжытпай орындауы тиіс. Полиция қызметкерінің басты мақсаты мен жауапкершілікті борышы - заңды қатаң сыйлау мен оның талаптарына нұқсан келтірмеу болып табылады.

Кез келген полиция қызметкері мойнындағы борышын адал, әділетті қағиданы ұстана отырып, абырой намысты алға тарта, қадір қасиет пен жүзеге асыруға міндетті. Ол сыбайлас жемқорлықтың қандай да болмасын түрінде көрініс табатын жағдайларға қарсылық білдіруге және оларды болдырмауға барынша қарсы тұруға күш салуы қажетті. Сыбайлас жемқорлықтың қайдан бастау алып оның нақты тетіктеріне тосқауыл қоя білуі тиіс.

Жаппай жазалау шараларын қйымдастыруға, қинап қорлауға адам өміріне қауіпті іс-әрекеттер жасауға, жалпы гуманизмге қарсылық жасауға, қадір қасиет пен ар намысты, абырой беделді төмендететін жазалаудың түрлі формаларына кез келген жағдайда тыйым салынғанын түсінеміз, сондықтанда полиция қызметкері аталған сипаттағы көрініс табатын іс-әрекеттерімен, қимыл шараларды басты негізге алған кез келген бұйрылған өкімделген құжаттарды орындамауға оны сыйламауға міндетті. Бұл жасалған қылмыс үшін жазаны анықтау бұл - сот органдарының құзырында, сондықтанда полиция қызметкері бұл құзыретті заңға қарсы бағытты қолданбай өз міндеті емес екендігін терең түсініп мойнына алмауы тиіс. Полиция қатал сипаттағы түрлі қырып-жою мен түрлі осы сипаттағы шараларға араласпауы қажет. Полиция қызметкері өз бастығының берілген бұйрықтарын орындайды, бірақ егерде берілген бұйрықтың заңға қайшы сипатта болатындығын байқаса немесе сезсе оны түсініп тұрған жағдайда орындаудан бас тартуы міндетті, бұл жерде басты түсінетін жағдай

болып ең алдымен полиция қызметкері қатаң бағыныстағы ұйымның мүшесі болып табылатындығымен қатар, көптеген жағдайларда өз бастығының өкімдерін бұлжытпай орындайтындығы ескеріледі. Басым көпшілік жағдаяттарда заңды қорғауға арналған өкімдер мен бұйрықтарды жедел түрде орындауды қажет етеді, алайда полиция қызметкері осы тұста бұйрықтың заңсыз екендігіне күмәнданса, сезінсе оны орындамауға тиісті.

Жеке тұлғаға бағытталған орны толтырылмайтын зиян келтіріп, залал тигізетін заң бұзушылықтарға полиция қызметкерінің қарсы тұруы- басты міндеті болып табылады. Заңға қайшы болып табылатын бұйрықты орындаудан бас тартқан полиция қызметкері тәртіптік жазалар мен сот алдындағы жауапкершілікке тартылмайды.

Өз міндеттерін жүзеге асыру барысында полиция қызметкері заңды болып табылатын қажетті және мақұлданған мақсаттарға жету үшін өзіндік құқықтарын барынша пайдалана алуға тиісті, бұған қос айта кететін жәйт, белгілі бір жағдай үшін туындаған нақты қажеттілігі үшін болуы мүмкін зорлықты да пайдалануда аса қырағылық танытып белгіленген шеңберден аспағаны міндетті. Полиция қызметкері өзінің қызметтік борышын өтеу жағдайында амалсыз зорлыққа баруға мәжбүр болатын жағдайлар кездеседі, осы жерде айта кету қажет полиция қызметкері аса ерекше жағдайларда ғана, нақты саналы тұрғыда ғана зорлықты қолдана алады, себебі бұл жерде зорлықтың не екендігіне оның қандай екендігіне зерделеу жүргізу қиын.

Полицияның қоғамдағы беделі мен абыройы оның жеке өз қызметіндегі қызметтік борышын орындау мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде қолданатын тәсілдеріне байланысты екендігі белгілі.

Полиция мен қоғамның арасындағы орнаған қатынастар маңызды мәнге ие болып табылады. Полиция қызметкері кәсібін таңдаған Қазақстан Республикасы азаматы өз мойнына Анттың, қызмет барысындағы борыштың талаптарын бұлжытпай орындау, қадір қасиетті сыйлап, жоғары адамгершілік нормаларын сақтауды мақсаттайтын жауапкершілікті міндетті өз мойнына жүктейді.

Азаматтардың, өз қызметтестер мен барша халықтың сенімінен шығуына полиция қызметкері өзінің кәсіби абыройының, жеке бас қадір-қасиетінің, жүріс тұрыс тәртіптілігінің, қоршаған ортасы таныған жоғары бағаға лайық іскерлік беделінің арқасында иеленеді, себебі ол осындай дәрежеге жету үшін антқа, азаматтың борышқа адал және әділ болу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, өмірін, мүдделерін қорғауда жеке жауапкершілікті басшылыққа алды, құқыққа қайшы келмеуді жеке қызметтік жауапкершілікті терең түсіне білді.

Өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде құқықтық тәртіпті сақтаушы лауазым иелері адами құндылықтарды алға қойып қадір-қасиетті сыйлап және қорғауы міндетті, бүкіл азаматтарға тиісті құқықтарын қорғайды және сақтайды.

Бұл саланың қызметкері билікті иеленген мемлекеттік қызметкер болған жағдайда да азаматтарға жоғары құндылық қағидалары аясында қарым-қатынаста болуы керек, адамдарға деген мәдениетті, сыпайылық тұрғысында байланыс жасауы керек.

Полиция қызметкері жоғары ұйымдастырушылық, тәртіптілік, атқарушылық сияқты қасиеттерін өзінің саналық міндеті деп түсіну қажет, өз жұмысында ынтасы мен жеке пікірін айта алуға және білдіруге, қызметтестерінің, басшыларының, жоғары лауазым иелерінің, жеке азаматтардың білдірген ескертулері мен сыни сөздерін теріс деп есептемей, дұрыс әрі намыстанбай қабылдау керек, тыңдай біліп жіберілген қателіктерінің орны толтырылуы ескерілуі қажет, егерде өзінің қандай да бір кінәлі екендігі белгілі болса, қызметкер өз өзін жалған ақтаушылыққа орын бермей кешірім сұрай білгені дұрыс.

Полиция қызметкері өзінің сыртқы келбетіне де үлкен мән бергені жөн, әрдайым өзіне ұқыпты таза болып, қызмет форма киімін қастерлеп абыроймен киіп, өзінің жүріс тұрысымен қоғамда өз қызметі мен отбасында да үлгі бола білуі жөн.

Полиция қызметкері өзінің бойында патриоттық, көпшілдік, жанашырлық, қайсарлық зейінділік, сенім ұялататын қабілеттілік, шыдамдылық сияқты қасиеттері мен өзінің шеберлігі мен кәсібилігін абыройға бөлейді.

Бастысы, өз қызметінде полиция қызметкері нақты бір іс-әрекетті қылмыс деп классификациялау құзыреттілігіне ие болғандықтан ол әділ және жоғары этикалық көзқарастар мен жан жақты зейінді болуы шартты.

ӘДЕБИЕТ

1. Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2006. - 110 б.
2. Молдабеков Ж.Ж. Кәсіби этика: оқулық / Ж.Ж. Молдабеков, А.Ә. Маханбетова, А.Ш. Оралбекова. - Астана: Фолиант, 2008. - 159 б.
3. Баянов Е. Мемлекеттік қызмет. –Алматы, 2005.

РЕЗЮМЕ

В этой статье говорится об основных принципах полицейской этики.

SUMMARY

This article discusses the basic principles of police ethics.

ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ

ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ФАКТОРЛАР

*Сегизбаева Дана Усеновна,
экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы;
Райымбекова Айман Төребекқызы,
экономика ғылымдарының кандидаты
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Еңбек нарығының қызметтері қоғамдағы еңбек рөлімен анықталады. Экономикалық тұрғыдан еңбек-маңызды өндірістік ресурс. Осыған сәйкес еңбек нарығының екі негізгі қызметі бар:

- әлеуметтік қызмет- бұл адамдардың табысы мен әлауқатының қалыпты деңгейін, жұмысшылардың өндірістік қабілеттерін қалпына келтірудің қалыпты деңгейін қамтамасыз ету;
- экономикалық қызмет-еңбек нарығы еңбекті ұтымды тарту, бөлу, реттеу және пайдалану болып табылады.

Еңбек нарығы-экономика жағдайын көрсетудің айнасы, тұрғындарды жұмыспен қамту көлемі мен динамикасын, жұмыссыздықтың сала бойынша, кәсіби-біліктілік, демографиялық және басқада көрсеткіштерінің құрылымын байқатады.

Еңбек нарығындағы тепе-теңдік еңбекке деген сұраныс пен ұсыныс көмегімен анықталады. Еңбекке сұраныс мөлшері жалақы мөлшерінен кері пропорционалды байланыстылықта болады. Жұмыс күшіне деген ұсыныс нақты байланысқа іс-әрекет етеді [1, 59-62 бб.].

Егер адам еңбегі затқа айналған, өзі жасаған тауарды сата алмаса, онда өзінің өмір сүруіне қаражат табу үшін өзінің жұмыс күшін сатуы тиіс.

Сондықтан еңбек нарығын қалыптастырудың негізгі алғышарттары, біріншіден, жұмыс орындарын ұсынатын көптеген жұмыс берушілердің болуы болып табылса, екіншіден, тауар ретінде жұмысшы күшін ұсынатын жалдамалы жұмысшылардың болуы болып табылады. Бұл жағдайда аталған көпшілік мемлекет, кәсіпорындарда жұмыс беруші ретінде болатын жоспарлы экономикадағыдай, формальді түрде болмауы тиіс.

Еңбек нарығының қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді, атап айтар болсақ, географиялық орналасуы, табиғи-климаттық жағдайлары, экономиканың негізгі салаларының дамуы және олардың мамандандырылуы, инвестициялық саясат, өңір экономикасының салалық құрылымын сипаттайтын

әртараптандыру деңгейі, демографиялық жағдай және басқалар жатады.

COVID-19 пандемиясы Қазақстанның еңбек нарығына әсерін тигізіп, жұмыспен қамту саласындағы белсенділікті айтарлықтай әлсіретті.

Электрондық еңбек биржасындағы (ЭЕБ) түйіндемелер мен бос орындар саны төтенше жағдай кезінде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда тиісінше 35%-ға және 23%-ға төмендеді. Алайда мамыр айында төтенше жағдай режимі мен қатаң коронавирустық карантин тоқтатылған кезде түйіндемелер саны да, Бос орындар саны да белсенді түрде қалпына келе бастады. Мәселен, мамыр айында ЭЕБ-дағы түйіндемелер мен бос орындар саны сәуірмен салыстырғанда тиісінше 1,6 және 3,5 есе артты. Сонымен қатар, құрылыс жаңа бос орындар құрылатын басты салаға айналды. Осылайша, қаңтар-мамыр аралығында электронды еңбек биржасындағы бос жұмыс орындарындағы құрылыс үлесі 8%-дан 43%-ға дейін өсті. Осыған ұқсас үрдіс маусымдық жұмыстардың жандануымен, сондай-ақ үкіметтік дағдарысқа қарсы шаралар пакетін, оның ішінде «Жұмыспен қамтудың жол картасын» іске асырумен байланысты болуы мүмкін, онда ізденушілердің қатысу шарттарының бірі ЭЕБ-да бос жұмыс орындарын орналастыру болып табылады [2].

Қазақстан Республикасында еңбек нарығында төмендегі мәселелерді айтуға болады:

- жұмыспен қамту деңгейінің әр түрлі аймақтарда біркелкі еместігі;
- жұмыссыздық мерзімінің ұзақтығы ұлғаюда;
- жұмыссыздардың әлеуметтік құрылымының өзгеруі;
- жұмыссыздар арасында әйелдер мен жастардың саны артуда [3, 45 б.].

2018 жылы 15 және одан жоғары жастағы жұмыс күшінің саны 9,2 млн. адамды құрады. Республика экономикасында 8,7 млн. адам жұмыспен қамтылды немесе 15 және одан жоғары жастағы халықтың 67,0%. (кесте 1).

Кесте 1. 2016-2019 жылдардағы еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері

	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жұмыс күші, мың адам	8 963,6	8 980,6	9 151,6	9 214,8
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8 522,3	8 541,3	8709,7	8 773,4
Жұмыссыз халық, мың адам	441,3	439,3	441,9	441,4
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	4,9	4,9	4,8	4,8
15-28 жастағы жұмыссыздар, мың адам	91,6	86,0	78,5	81,1

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың белең алуына еңбек нарығындағы жағдай төңірегінде хабарсыздық, өндірістік тәжірибенің болмауы, бәсекелестік деңгейінің әлсіздігі, кәсіби дайындықтың жеткіліксіздігі және жеке бас тарапынан болатын өзіне жоғары ақы талап ету сияқты түйіткілдер әсер етеді [1, 60 б.].

Экономиканың қажеттіліктеріне және еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес білікті кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін техникалық және кәсіптік, инженер-техникалық және қосымша кәсіптік білім берудің өзара байланысты жүйесін қамтитын үзіліссіз моделді қалыптастыру, теңгерімді, серпінді еңбек нарығын дамыту, экономиканың басым секторларына мамандар тарту үшін мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы, сондай-ақ ішкі және сыртқы көші-қонды пайдалану жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарова Г.Н. ҚР Жұмыссыздық мәселелері және оны шешу жолдары // Молодой ученый. - 2018. - № 5.1 - С. 59-62.
2. Как повлияла пандемия на рынок труда в Казахстане forbes.kz.news. 2020/07/02
3. Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А. Дағдарыс жағдайында Қазақстан Республикасының еңбек нарығының жағдайы мен даму болашағы//Экономикаи статитика-2015- №1- С. 45-50.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные проблемы рынка труда.

SUMMARY

The article deals with current problems of the labor market.

**КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ
ЖҮЙЕСІНДЕГІ АҒЫМДАҒЫ ШЫҒЫНДАРДЫ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҮШІН БАНКТІК НЕСИЕ
ҚАЖЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ**

*Сейсекеев Алмат Оразғалиұлы,
экономика ғылымдарының кандидаты;
Құлтанов Батырбек Бақытбекұлы,
менеджмент магистрі
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажеттілігі кәсіпорын менеджментінің сапасына қойылатын талаптарды арттырады. Басқару деңгейінің өсуі басқарушылық шешімдер қабылдауға формализацияланған, ғылыми негізделген көзқарасты қолданбай мүмкін емес. Кәсіпорынның ағымдағы шығындарын қаржыландыруға банктік несие тарту туралы шешім қабылдауға ғылыми көзқарастың мысалын қарастырамыз.

Кез-келген шешім, оның ішінде басқарушылық шешім түйсігі, пайымдау немесе ұтымды есептеу негізінде қабылданады. Соңғысының ерекшелігі - объективті аналитикалық процестің көмегімен шешім қабылдаудың негіздемесі. Ұтымды шешімді табу - бұл нақты тұжырымдалған техниканың, шешім қабылдау техникасының міндеті. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіпорынның ағымдағы шығындарын қаржыландыру үшін банктік несие алу қажеттілігін есептеу әдістемесі сыртқы қаржыландыру құралы ретінде банктік несиені пайдаланудың орындылығын бағалаудың логикалық процедурасы болып табылады.

Банктік кредитке қажеттілікті есептеу мынадай негізгі шарттарға негізделеді. Біріншіден, несие ресурстарын тарту мүмкіндігі ақша қаражатының түсуі мен кетуі арасындағы уақытша алшақтықты жоюдың баламаларының бірі ретінде қарастырылады. Кредит тарту туралы шешім қасалық алшақтықты жабудың қолда бар басқа тәсілдерімен салыстырғанда сыртқы қаржыландырудың осы тәсілінің экономикалық тұрғыдан орындылығы жоғары болған жағдайда қабылданады. Екіншіден, кәсіпорындағы жоспарлау жүйесі модельдеу функциясын қолдауы керек. Қаржыландырудың оңтайлы көзін таңдау үшін әр түрлі шешімдер қабылдаудың салдарын алдын - ала бағалау мүмкіндігі болуы керек-бұл жағдайда қасалық алшақтықты жабудың белгілі бір әдістерін қолданған кезде.

Ақша қаражатының тапшылығы фактісін, оның шамасын, ұзақтығын анықтау міндетін шешу үшін қажетті ақпарат ақша қаражатының қозғалысы бюджетінде (АҚҚБ) тікелей көрсетіледі. АҚҚБ - кәсіпорынның ақшалай қаражаттарының түсуі мен шығуының күтілетін және нақты мәндерін берілген уақыт аралығында жүйеленген нысанда ұсынатын қаржылық құжат. АҚҚБ нақты күнгі ақша қаражатының қалдығының болжамды мәндерін көрсетеді және қосымша ресурстарға жоспарлы қажеттілік туралы сигнал береді. АҚҚБ-де бастапқы ақпарат ретінде пайдаланылатын деректер операциялық бюджеттердің шығу деректерімен қалыптастырылады. Операциялық бюджеттер-бұл кәсіпорынның бір типтегі операцияларды жасау негізінде топтастырылған ақшалай түсімдердің және шығулардың жоспарлы және нақты мәндерінің сметалары. Нақты бөлу, кәсіпорынның ерекшелігіне байланысты, мысал ретінде келесі типологияны ұсынуға болады: түсімдер мен аударымдар бюджеті (өнім түрлері бойынша сатудан түсетін түсімдер, белгілі бір шикізат түрлеріне тікелей шығындар түріндегі аударымдар), жалақы төлеу бюджеті, салық төлемдерінің бюджеті, қамтамасыз ететін шығыстар бюджеті (тұрақты шығындарға аударымдар), қаржы қызметінің бюджеті, инвестициялық қызметтің бюджеті. Операциялық бюджеттерде ұсынылған ақпараттың бір бөлігі тұрақты сипатқа ие, яғни. кәсіпорынның іскерлік белсенділігіне байланысты емес (тұрақты шығындар, жалақының бір бөлігі, салық төлемдерінің бір бөлігі). Басқа мақалалардың мәні кәсіпорын жасаған операцияларға тікелей байланысты.

Ақша тапшылығын жабудың нақты әдісін таңдау екі кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде қол жетімді баламалардан стратегиялық сипаттағы есептеулерді растайтын әдістер таңдалады. Мысалы, контрагенттерден есеп айырысуды жеделдету туралы сұрау, компанияға деген сенім деңгейін төмендетуі мүмкін, сондықтан оларды пайдалану мүмкін емес. Екінші кезеңде әр нұсқаны қолданудың салдары талданады. Таңдау критерийі-тапшылықты жабудың нақты әдісін қолданудан туындаған кәсіпорынның қаржылық жағдайы. Салдары, кез келген шаруашылық операцияны жасайтын кәсіпорын көрсетіледі, оның қаржылық жай-күйі, бұл алдын ала бағалануы имитациялық модельдеу жүйесінің көмегімен мүмкін. «Ішкі есепке алу регистрлері – операциялық бюджеттер – негізгі бюджеттер: Ақша қаражатының қозғалысы бюджеті және шығыстар мен кірістер бюджеті» байланысын қолдана отырып, АҚҚБ құрылымында және кірістер мен шығыстар құрылымында көрінетін ақша қаражатының тапшылығын жабудың әрбір нұсқасын таңдаудың салдарын талдай

аламыз. Қолда бар баламалардың әрқайсысын пайдалану салдарын есепке алу оңтайлы таңдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Смағұлов Р.О. Қаржы, ақша айналысы және несие. - А., 2008.
2. Ильясов А.А. Денежно-кредитная политика. - А., 2007.
3. Дробозина Л.А. и др. Финансы. Денежное обращение. Кредит: Учебник для вузов. - М., Финансы, ЮНИТИ, 2000.
4. Банковское дело: Современная система кредитования Уч.пос.для вузов (Лаврушин О.И.,Афанасьева О.Н.,Корниенко С.Л.), Изд. 4-е, стереотип, /3-едоп. – М., 2008. – 264 с.

РЕЗЮМЕ

Оценка необходимости в банковском кредите для финансирования текущих расходов в системе финансового управления предприятием.

SUMMARY

Assessment of the need for a bank loan for financing current expenses in the financial management system of the enterprise.

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ**

СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ТӘРБИЕ

*Есқараева Айгүл Дүйсенғалиқызы,
филология ғылымдарының кандидаты;
Есмаганбетова Анар,
оқытушы;
Асанбекқызы Ақтолқын,
студент
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Әр халық болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт-бағдар сілтеген есімдері ерекше тұлғалар болады. Сондай тұлғалар – «Сыр сүлейлері» деп аталатын өнер иелері. Табиғатынан тума таланат, құйма құлақ, дарын иесі, шешендерді халық «сүлейлері» деп атаған. Олай болса, біз сөз етіп отырған Сыр сүлейлерінің өлең-жырдың падшасы аталып, ұрпаққа рухани тәрбие беріп, ғибраттық ойлар айтқан.

Қазақстан Республикасының «Орта білім беруді дамыту тұжырымдамасында»: «Әр баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу мүмкіндіктерін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы оның тереңірек ұштасуына, сондай-ақ ізденіс, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және осылайша оған түпкілікті өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру-білім берудің түпкілікті мақсаты», - делінген [4]. Осы мақсатты асыру жолында, ұлттық идеологияны, ұрпақ тәрбиесінің басты бағыттарын орындауда.

Сыр сүлейлерінің мұраларын оқытып, үйретудің маңызы зор. Олардың қай шығармасын алсақ та, оның алтын қазығы - Адам. Нағыз адам қандай болу керек? - деген сұраққа шарқ ұрып жауап іздейді және оған жауап беріп, ғибраттық үлгі көрсетеді. Сондықтан қандай шығармасын бағалау, пайымдау, тәрбиеге пайдасын беру, қайта жаңғырту-рухани зәруліктен туып отыр. Қазіргі педагогика ғылымындағы адам тәрбиесіне байланысты қағидалар: адамгершілік, өнер-білімді игеру, ұлтжандылық идея, дін, дін тәрбиесі, еңбек тәрбиесі әсемдік пен сұлулық т.б. Сыр сүлейлері шығармаларынан көрініс табады.

ҚМУдың ғалымы Ұ. Жаңбыршиева: «Сыр сүлейлерінің шығармашылығы-қазақ әдебиеті делінетін үлкен өнердің құрамдас бөлігі. Сол себепті Сыр сүлейлерінің әдебиет тарихындағы және ұлттық тәрбиеде өзіндік орнын, ерекшеліктерін бүгінгі әдебиеттанудың талап-талғамына сәйкес айтып та отыруымыз қажет» - деп ой түйген [2, б б.]. Олай болса Сыр сүлейлері атадан

балаға мирас болып келе жатқан халықтың талғамы мен ұлттық тәрбиеге төтеп бере алады. Жас ұрпақ үшін сүлейлер тағылымын, сөз өнерін игеру арқылы рухани тәрбие береміз.

Сөз төркінін адамгершілікке тіреп, өсиет айтып, ой-толғау жасап отыратын Сыр сүлейлер адамдар арасындағы береке-бірлік, достық ынтымаққа ерекше көңіл бөлген.

Зерттеуші ғалым Б. Жүсіпов «Сүлейлер» атты монографиясында: «Бүгінгідей техногенді өмірсалт дамып, мыңдаған жылдар тізбегінде қалыптасып, ұлт кәдесіне жараған мәдени ұстанымдар ескі мағыналарын жойып, ыдырау қаупі төніп тұрған шақта, мәдени мұраларымыздың үш сатылы зерттеуден өткізіп, дәстүрдің өткенін пайымдау, бүгінін бағамдау, болашағын бағдарлау - басты мақсатымыз», - деп ой қорытады [3, 12 б.].

Сүлейлер мұрасындағы тамылжыған сөз өнерін пайымдап, болашағын бағдарлауда жастарға адами тәрбие беруден асқан қымбат қазына жоқ деп білеміз. Қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі - келешек білімді де жан-жақты тәрбиені дамыған ұрпақ қалыптастыру.

Педагогика ғылымында тәрбие заңдылықтарын қолдана отырып жан-жақты қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу басты назарда ұсталады. Біз сөз еткелі отырған Сыр сүлейлерінің терме-толғау, мысал-дастандарында адам бойындағы ізі асыл қасиеттерді көрсетіп, оның үлгілік мәніне көңіл бөлген. Сондықтан да болар ел ішінде осындай насихат өлеңдердің ғибраттық, тәлімдік мәні зор болған. Сыр сүлейлері салған сара жол өз замандастары мен болашақ жастарға адалдық, имандылық жолға шығуына жол сілтейтін дүниелері болғаны анық. Ұлтымыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, қарапайым, парасатты, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеуге көңіл бөліп, адамдықты дәріптеп, ғибрат алатындай өсиет қалдырған. Біздің мақсат - өнер адамдарының тәрбиеге көңіл бөліп, сол арқылы толық адам туралы ойларын, ізгілік ролін таныту.

Сыр елі қашаннан-ақ ақын, жыраулар мен шайырлар, - данышпан шешендерден қалған асыл мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. 8-9 ғасырда өмір сүрген Қорқыт жырларынан бастап, бүгінге дейін ақын-жырауларымыз өнер-жырды құрметтеп, рухани байлыққа айналдырып отырған.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», - деп, ұлы ғұлама әл-Фараби айтқандай, адам тәрбиесі-орасан маңызды да жауапты іс.

Сыр сүрейлері терең толғау, ойнақы терме, аталы ақыл-нақыл сөздермен кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнеге қалдырған.

Әлемдік педагогикалық теория мен тәжірибеде тәрбие үдерісі ешнәрсеге тәуелді болмау керек екендігі жөнінде пікір қалыптасқан. Тәрбие бастау бұлағын халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған құндылықтарынан алуы тиіс. Сондықтан Сыр сүлейлері шығармалары бүкіл тәрбие жүйесінің негізгі сипаттарына сай келеді.

Балқы Базар, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Бұдабай Қабылұлы, Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нұртуған, Нартай Бекежанов т.б. секілді жыр жампоздары артына тәлім-тәрбие, өнеге қалдырып, өсиеттік мәні бар ақыл-нақылдар жазған.

Академик З. Қабдолов: «Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына, айналады», - дегендей. Сыр сүлейлерінің шығармалары бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінде тәлімдік мәнге ие болып, халықтық игілігіне айналып отыр. Ол адамдардың ізгі мұратына үлгі-өнеге ретінде қызмет етеді.

Сыр сүлейлері толғау - термелерінде адамгершілік, гуманизм мәселесі тұлғаның өзіндік жетілуіне жол ашады. Қазіргі педагогика ғылымында гуманизация принциптері деп жүрген сөз ғасырлар бойы адамзаттың жасаған құндылықтарын танып білу, пайдалануынан басталады.

Сыр елінде өмір сүріп, аты үш жүзге мәлім болған ақын-жырауларымыз ұрпақ тәрбиесіне, инабаттылық пен ой-өрісінің дамуына, эстетикалық талғам биігінен көрінуін басты назарда ұстаған, сөйтіп барша шығармаларында рухани құндылықтарды арқау еткен. Бұл жырлар ұлтымыздың болашағына үлгі-өнеге ретінде жол салған. Атадан балаға мұра болып келе жатқан жыраулық өмір арқылы жақсылық, ізгілік туын жоғары көтеріп, жастарды адамгершілікке, гуманизмге, еңбек етуге үндейтін толғау-термелерде игі қасиеттерді көңілге тоқып, зердеге сіңіруге баулыған. Сыр сүлейлері өмірдің өзінен алынған қорытынды, түйіндерді сөз асылымен тізеді. Мәселен Т. Ізтілеуов:

«Керіспеймін деп мақтанба,
Кек сақтамаймын» деп мақтан.
Ердің ісі - келіс

Жаманның ісі керіс, - деп адамдардың мінез-құлқымен есептесіп отыруға кеңес береді. Тұрмағамбет қысқа тұжырымды, тұспалдап айтатын өсиет сөздері арқылы ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлген: Оның өткір де мәнді қанатты сөздері, даналық тұспалдары ел ішінде жиі қолданылады. Ақын адамгершілік, мінез-құлық, адалдық, ғылымды игеру, еңбек етуге шақыра отырып, дидактикалық ой түйеді. Тәрбиесіз тәлім

болмайды. Ғылымды игере отырып, оны орынды жұмсау қажет демек.

Ғылым -іштегі нұр
Өнер-сыртқа салынған түр
Ақылсыз адам-
Ауыздықсыз ат, - деп тәлім-тәрбие беріп, барлық жақсылықты көңілге тоқып, зердеге сіңіруге шақырады. Тұрмағамбеттің қай шығармасын алсаң да, ақынның өзіндік сыры мол, сөз асылдарын аңғару қиын емес.

Тұрмағамбет ақын «Тәлім» деген өлеңінде;
«Аға» деген ініні-
Жаным десе болады.
Ерін күткен әйелді-
«Ханым» десе болады,
Қызғалдақта ұл-қызды
«Сәнім» десе болады, - дейді [7].

Осы өлеңді оқыған әрбір жас жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге ұмтылады. Ақын өлеңде жүрекке жетерлік ой тастайды, жыр желісімен ғибраттық ой түйеді. Оқырман әрбір шығармасынан қорытынды шығарып, өзіне өнеге алады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас нормаларын насихаттауға құрылған.

«Сыр сүлейлері» атты ақын-жыраулардың ұлттық педагогикаға қосқан үлестері даралана көрінеді. Олардың шығармаларында тәрбие, үлгі-өнеге басым келеді.

Базар жыраудың «Өсиет» атты термесі басынан аяғына дейін тұнып тұрған тәрбие, өсиетке құрылады.

Тіршілікте талпынып,
Талаптан денің сауыңда.
Еш нәрседен жасқанба, [1]

Атың барда жер таны, - терең мағыналы өсиетке байланысты осындай жолдардан үлгі-өнеге ғибрат аласыз. Ш. Омары:

Әділ іс-ағын судың арнасындай,
Әділ сөз-болат семсер алмасындай,
Пайда етпе, өмір бойы өтірік айтып,
Жаласы қалмас бір күн жармасылмай десе, [8]

Т.Ізтілеуов:
Кейбіреу сәл бақытқа мас болады,
Шабәқтай шалпылдаған қайрандағы.
Адамдық ісіңе жұрт аңсап тұрсын,
Не керек қарныңның құр майланғаны [7].

Бұл үзіндіде асқан адамгершілік үлгісі термеленген. Ер жігіттің ерлігі еліне көрсеткен қызметімен бағаланатын шебер суреттеп, жастарға үлгі етеді. Қазақ халқы үшін ізгілікке ұмтылу, қайырымдылық жасау, жомарт, парасатты болу сияқты асыл

қасиеттер ерекше көрініс тапқан. Базар жырау адам бойындағы адамгершілік игілік, тереңдік, рухтылықты былай береді.

Жақсы менен жаманның
Арасы жер мен аспандай.
Өлшестіріп қарасаң
Ылди мен зәулім асқардай
Ғалым менен наданды
Салыстырсаң білерсің, - дей келе,
Көтергенмен кеудесін

Жақсыға жаман тең келмес; - деп адам бойындағы игілік пен адамгершілікті, рухтылықты көрсетеді.

Гуманизмнің басты ерекшелігі адамды ең жоғары құндылық деп бағалап, өнер арқылы адамға қызмет етуді көздейді. Надандық қараңғылық, адам бойындағы психологиялық ерекшеліктерді, сыр сүлейлері қазақ халқының ұлттық қабылдау ұғымына сай жырлай білген.

Толғау-терме, ақыл-нақыл айту арқылы ұрпақ, тәрбиесіне көңіл бөліп, адамгершілікке, рухани өсуге шақырады.

Жастарды рухани тәрбиелеу мақсатында жазылған нақыл, ғибрат, өмір шындығымен тығыз байланыстыра білген. Сөйтіп тәрбие мақсаттарын нақтылап отырған.

Мәселен, Тұрмағамбет ауылының «Ұстаз ұсынысы» өлеңінде;

Шәкіреттер, бір-біріңмен ұрыспаңдар
Мінездің мінін алып дұрыстандар.
Жолына жамандықтың жауын бұрмай

Күтіліп күні ілгері жылытпаңдар, - деп [7] адамның мінезді болуы да оның жан-жақты дамуына әсерін тигізетіндігін, мінез адамның құндылықтарының бірі деп дәріптейді, жастардың келешегіне тәлімдік ойлар түйіп, түсінік-таным, мінез-құлқы суреткерлік шеберлікпен ашылады. Педагогика ғылымында тәрбие берік қайталанатын және маңызды байланыстар, олай болса оны қолдану, жүзеге асыру тағылымдық ойларға, тікелей байланысты.

Сыр сүлейлері адам, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөліп, олардың өзін-өзі танып білуге, жамандықтан жиіркеніп, жақсылыққа ұмытылуға, мейірімділікке, сүйіспеншілікке баулып отырған. Адамның жан-дүниесін, дүниетанымы мен рухани байлығын жетілдіруді басты мақсат тұтқан. Жан тазалығы ізет-тәрбиеден бастау алатынын жыр жолдарымен жеткізген. Адам жанын рухани жетілдіру, адам жүрегіне ықпал ете отырып, тәрбиелерге көңіл бөлген. Айтушы мен тыңдаушыға ой салатын асыл сөз термеленіп, ұрпақ тәрбиесіне назар аударған.

Демек, Сыр елінде өмір сүрген ақын-жырауларымыздың дүниетанымын ежелгі даналық үлгілерімен қабыса байланысып жатыр.

Туған елі мен халқының келешегі өсіп-өркендеуінің, оның дамуына өз үлестерін қоса отырып Сыр сүлейлері тәрбиеге назар аударған.

Халқымыздың ұлттық идеологиясының алтын діңгегі - даналардан қалған сөз өнері шешендік пен көсемдікке тәрбиелеу арқылы рухани тәрбие беру. Адам бойында рухани байлықты сіңіруде сүлейлер халқымыздың өткені мен бүгінін саралап, ой толғайды.

Қазіргі өзгермелі сан-салалы көп мәдениетті, көпэтникалық тәрбие үлкен өмірге еруге дайын қабілетті тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтардың негізінде қалыптасады десек, Сүлейлер қалдырған мұралар - тәрбиенің бағдарлаушысы.

Сүлейлер тағылымы арқылы жаңа ұрпақты тәрбиелеу, ізгілікке, имандылыққа, адамдыққа, биік адамгершілікке бастайтын жол, рухани күш. Өзіндік қолтаңбалары арқылы ұрпаққа мирас етіп қалдырған жырлары тұнып тұрған тәрбиелік маңызы бар дүниелер екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

1. Базар жырау. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. Жанбершиева Ұ. Тұрмағамбет Ізтілеуовтың ақындық мұрасы. - Алматы: Арыс, 2013. - 336 б.
3. Жүсіпов Б Сүлейлер. - Алматы: Арыс, 2010. - 232 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 11 б.
5. Қазақстан Республикасының «Орта білімді беруді дамыту тұжырымдамасы. – Алматы, 2004.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы: Санат, 1992. – 342 б.
7. Ізтілеуов Т. Шығармалары. – Алматы, 2007. – 588 б.
8. Шораяқтың Омары / Сөйле тілім, жосылып.– Алматы, 1995. – 301б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются воспитательные проявления в творчествах *сулеев Сыра*.

SUMMARY

The article examines the educational manifestations in the works of *Syr-sulei*.

**КОМПОЗИТОР РАУХВЕРГЕРДІҢ «КРАСНЫЕ МАКИ»
ӘНІН ТӨМЕНГІ СЫНЫПТАРДА ҮЙРЕТУ**

*Қыдырбаева Күләш,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті
Охан Бибізада Саттарханқызы,
оқытушы
«Болашақ» университетінің жоғары колледжі*

Сабаққа оқытушының өзінің тиянақты дайындығы қажет. Мұғалім берілген әннің формасын, сипатын, көркемдік бейнесі туралы, барлық көркемдік мәнерлілік тәсілдері туралы, әнді үйрету барысында кездесетін қиындықтары жайлы (бұл әрдайым ескеріле бермейді) және сабақтың әдістері туралы айқын түсінігі болуы керек.

Берілген шығарманы талдай отырып, хор жетекшісі оның құрылымында мынадай үлгіде айқындауға болатын толық симметриясын табуға болады:

Кіріспе	Бірінші сөйлем		Екінші сөйлем		Қорытынды
	1-ші ән жолы	2-ші ән жолы	3-ші ән жолы	4-ші ән жолы	
4-такт	Екі мотивтен $a_2 b_2$	Екі мотивтен $c_2 d_2$	Екі мотивтен $a_2 b_2$	Екі мотивтен $c_2 e_2$	4 такт

Үлгіден көріп тұрғандай, бірінші және үшінші ән жолдары бірдей, екінші және төртіншілері ($d_2 - e_2$) соңғы жолдары әртүрлі. Дем арудың ұзақтығына сәйкес аздаған бөлінбейтін бөлімімен мотив болады (екі тактілік, олар әнде 8). Әннің шарықтау шегі он бірінші және он екінші тактілерге келеді. Алдыңғылары дайындық кезеңдері болса, ал соңғылары – әнді аяқтауы болып табылады.

Вот какие маки,	Пролетает ветер,
Вот какие маки –	Пролетает ветер,
Красные, большие	Тоненькие стебли
В поле расцвели!	Гнет он до земли

Бірінші сөйлемде жеңіл төмен қарай өтетін әуендер және әуеннің өзінің шарықтау шегіне жұмсақ көтерілуі мәнерлі болып келеді.



a)



б)



Екінші сөйлемде - дәл сондай әуеннің жұмсақ сызықтары (a₂ b₂), соң тұрақты және толық аяқтауға әкелетін аздаған дыбыстың көтерілуі келеді (c₂ e₂).



Жеңіл, гармониясы балаларға түсінікті фон ырғағымен сәйкес келетін қарапайым әуен, сонымен қатар оның динамикалық белгілері де табиғи және қарапайым. Ән еш қысымсыз, жеңіл дыбысталуға есептелінген; шарықтау шегіне дыбыстың күшейтілуі (11-12 тактілер) ауыр болмауы керек; керісінше, ол жеңіл әсер беруі керек; дыбыстың күшеюі соңында (17-29 тактілерде) – тепе-теңдік және тыныштық әсер беруі тиіс.

Айтылғандардан ән айту дағдыларының сипаттамаларын шығаруға болады:

- ◆ тыныс алу аз ғана, қысқа болуы керек (итерусіз);
- ◆ дыбыс атакасы – жұмсақ болуы тиіс;
- ◆ шығарманың дыбысталуы – жеңіл, меццо-форте нюансында;
- ◆ тембрі – дыбысталу сипаттамасы, автордың берген «көңілді».

Оқытушы әнді үйрету барысында кездесетін қиын жерлерін алдын-ала байқауы тиіс. Мысалы, қиындық тудыратын деп мынаны алуымызға болады:

1) «фа» дыбысының қайталануы:



(балаларға біртіндеп келетін дыбыс қатары айтуға жеңілірек болып келеді);

2) 11-тактідегі квинтаға секіруі;



3) Оныншы және он бірінші тактілердің арасында дем алу (бір деммен балалар 9-10-11-12 тактілерді айтып шығуға демдері жетпейді).

4) Әнді төрт тактілік кіріспеден кейін бастау;

5) Бірінші және екінші ән жолдарының аяқталуындағы айырмашылықты меңгеру:

Ноталық мысал:



Егер оқытушы әнді жатқа білетін болса, фортепианолық партияларымен бірге, онда сабақ өте маңызды, жоғары дәрежеде жүреді.

Әнді үйрету оқытушының өзі бұл әнді орындауынан басталады. Оқытушының орындауы балалардың бұл әнді үйренуге деген құлшынысын тудыру үшін, ол көркем, мәнерлі және қызықты болуы керек.

Оқытушы балалардың алған өз әсерлерін айтулары үшін оларға сұрақ қояды. Балалар жауап береді, мысалы, «ән өте көңілді, қызықты, көңіл-күйді көтереді» деген сияқты, яғни әннің мазмұнына, айту мәнеріне байланысты сөздерді айтады.

Оқытушы әрі қарай әннің сөзімен жұмыс жасауды жалғастырады. Егер балалар әлі де сөзін (тақтаға жазылған) толық меңгермеген болса, онда ән жолдарын бірнеше рет қайталап үйретеді. Әрине, ән жолдарын өз ырғағында, жылдамдығында, динамикалық белгілерімен және де мүмкіндігінше мәнерлі орындатуға көңіл бөлу керек.

Шығарманың текстісі үйретіліп болғаннан кейін, оқытушы әуенді үйретуге кіріседі. Әннің көркемдік бейнесін балалардың есіне түсіру үшін әнді толықтай тағы да бір рет орындап береді, сонан соң бірінші мотивті (a_2 b_2) бөліп тұрған ән жолын басынан бастап өз жылдамдығында айтып береді (2-3 рет), сосын балалардың назарын бірінші ($до^2$) дыбысқа және әншілердің дауыстарының өтуіне аударып, жәй жылдамдықта орындайды. Бірінші дыбыста тоқтай отырып, оқытушы бұл

дыбысты жеңіл, жәй (пиано), «о» дауысты дыбысында қайталауды ұсынады. Бірінші дыбыстың жеңіл айтылуына және бірдей үн үйлесімділігіне жеткізе орындау өте маңызды, бұл барлық мотив бойынша есту үндестігін береді. Осыдан кейін әуеннің жоғары-төмен жүрістерін айқын сезінулері үшін, балаларға жәй жылдамдықта барлық мотивті айтып шығуларын ұсынуға болады, мотивті балалар толық меңгергеннен соң, оқытушы балаларға оны өзінің жылдамдығында орындауды ұсынады.

Дәл осылай екінші мотив те үйретіледі, сонан соң екі мотивті біріктіре орындатады және оны 2-3 реттен қайталатып айтқызады. Екінші ән жолын үйрету барысында оқытушы «фа» дыбысын қайталауының қиындықтары туралы еске салып тұруы керек:




Оқытушы сол сөзді буын-буынға бөліп, ерекше мән беріп айтқызады: «Кра-сны-е».

«Расцвели» сөзіне өткен кезде оқытушы балаларға түсінікті болу үшін («ре»- жоғарғы дыбысы айтуға қиындау болғандықтан), жоғарғы «ре» дыбысында аздап ұстап тұрады. Бұл сөзді балалар 3-4 рет жәй, жеңіл және пиано айтып үйренгенше айтады.

Осы дыбыстық интервалдарды айтып, меңгергеннен кейін оқытушы барлық ән жолын бірнеше рет жәй жылдамдықта, ал кейін өзінің жылдам темпінде орындатады, соңында бірінші және екінші ән жолдарын бірге орындатады.

Әннің екінші жартысын үйрету барысы да осылайша жүреді. Екінші қиындық тудыратын жері – ол соңғы әнді аяқтауға өтуі:



Оқытушы осы екі аяқтауға өту жолдарына аса көп көңіл аударуы тиіс.

Жұмыстың келесі сатысы – ән айтудың сапасын арттыру, шығарманың мазмұнын түсініп және ашып орындау.

ӘДЕБИЕТ

1. Апраксина О.А. Методика музыкального воспитания в школе. – М., 1983.

2. Алиев Ю.Б. Методика музыкального воспитания детей: От детского сада к начальной школе. – Воронеж, 1998.
3. Джердималиева Р.Р. Совершенствование приемов формирования вопросов в методической подготовке учителя музыки // В сб. «Методические рекомендации по вопросам преподавания музыка». – Алматы, 1986.
4. Джердималиева Р.Р. Методическая подготовка учителя музыки. - Алматы «Ғылым», 1997.
5. Стулова Г.П. Хоровой класс. – Москва «Просвещение», 1988.
6. Музыкальное образование в Казахстане: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Вып.1 / Составители Р.Р. Джердималиева, А.А. Момбек, З.Р. Ахметова. – Алматы, 2006.
7. Қыдырбаева К. Хор жаттығулары / Оқу-әдістемелік құралы. – Қызылорда, 2004.
8. Қыдырбаева К. Хор үнділігі / Оқу құралы. – Қызылорда, 2007.
9. Школа хорового пения. Вып. 2. Сост. В. Соколов, В. Попов, Л. Абелян, - М., 1975.
10. Орлова Н.Л. Певческое дыхание и детский голос // В кн.: Детский голос: экспериментальное исследование / Под ред. В.Н. Шацкой. – М., 1970. - С. 170-185.
11. Попов В. Русская народная песня в детском хоре. – Москва, «Музыка», 1985.
12. Работа с детским хором / Под ред. В.Г. Соколова. – Москва «Музыка», 1981.

РЕЗЮМЕ

После того, как текст сочинения разучен, учитель начинает преподавать музыку. Очень важно исполнить первый звук таким образом, чтобы он был легко произносимым и имел ту же звуковую гармонию, которая дает гармонию слуха по всем мотивам. После этого детей можно попросить воспроизвести все мотивы в медленном темпе, чтобы они могли четко почувствовать взлеты и падения музыки.

SUMMARY

After the text of the composition is taught, the teacher begins to teach the music. It is very important to perform the first sound in such a way that it is easy to pronounce and has the same tone of voice, which gives a hearing harmony on all motives. After that, the children can be asked to recite all the motives at a slow pace so that they can clearly feel the ups and downs of the music.

МАҒЖАННАН ҚАЛҒАН МҰРАЛАР

Охан Бибізада Саттарханқызы,

оқытушы

«Болашақ» университетінің жоғары колледжі

Кеңшілік Ақмоншақ Рақымжанқызы,

студент

Қызылорда «Болашақ» университеті

«Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрім барлығы да Абайда... Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін.»

Мұхтар Әуезов

Осы бір ойлы сөз Мұхтардай дарадан шыққан. Мұхтар ағамыздан осындай баға алған Мағжан менің көз алдыма кең даланың кербез, көркем бұғысы іспеттес болып елестейді. Өмір жолы өршіл өлеңге толы бұл ақынды менің бұғыға теңеуім тегін емес. Себебі бұғы сұлулықпен қоса намысшылдықты өзіне серік еткен. Мағжан да дәл сондай өр мінезді, өткір сөзді ақын.

«Қазақ өлеңінің Абайдан кейінгі алыптарының, айтулы алтын дінгектерінің бірі ғана емес, бірегейі – Мағжан Жұмабаев», деп академик-жазушы Зейнолла Қабдолов тағы Мағжанды поэзия портретінің бейнесі ретінде көрсетті. Қаншама кітап бетті парақтап, тарих көнбесін төңкердім. Мағжан туралы Алаштың арыстары, қазақтың қаймақтары айтқан пікірлер мен мақалаларға қанықтым. Олар туралы сәл кейінірек. Қазақ әдебиетінің де өзгелерден озық орын тепкен Жұмабаев өлеңдері ел есінде мекен деген оймен Қызылорда көшелерін аралауға шыққан болтынмын.

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!».

Жұмабаевтың орны бөлек өлеңдерінің бірі осы. Салқын саябақта, тал саясында демалып отырған жастардан Мағжан жайын сұрағанда кідірместен осы өлеңді қарша бората түскенде көңілім көңшіді. Сенім артқан жастары сенімін ақтап, жырын жаттап жүр екен деген сенімді ой миымда сақталып, текеметше тоқылды. Бұл мен тоқталмадым Сырдария жағалауынан жаяулатып жол тарттым. Көшеде көрінген қаймана қазақтан Мағжан жайын сұрап келем, бірі де кідірмеді Жұмабаевқа келгенде жұмырлана сөйлейді бәрі. Бірі Мағжанның маржан туындыларын айтса, енді бірі өмір

жолынан аз-кем мағлұмат айтты. Бұл менің көңілімді көк аспанмен теңдестіре түсті. 45 жыл ғана өмір сүрген қаламгердің өшпес өлендері Сыр өрендерінің жүрегінде жүргенің дәлел деп, өшпейтінін мойындатты. Бағыттымнан таймадым Сыр анаға қарай құштарлана зырылдап келем. Неге екенін білмеймін Сыр ана бір сый дайындап қойғандай алып-ұшып жеттім. Сырдың сұлу толқындарына қарап Мағжанның шоқтығы биік мына өлеңі еске түспесі бар ма?

«Ертеде Оқыс, Аксарт – Жейхун, Сейхун-
Түркілер бұл екеуін дария дейтін.

Киелі сол екі су жағасында

Табасың қасиетті бабаң бейітін» («Түркістан»)

Топырағынан айналдым қасиетті Сыр жері, шабыт сыйлап, шаптыратын Сыр ана. Талай ақын мен талай әншілерге жыр пернесін ашып, шабыт нұрын шашып, төккен өзіңсің. Сол нұрыңмен Мағжанды да суғарыпсың - деген лебізімді айтым да, облыстық Ә.Тәжібаев атындағы кітапханаға ат басын бұрдым. Бұл кітапхананы құрдас, істес жігіттермен «Білім мұхиты», - деп аттайтындығымыз бар. Шынында да бұл кітапханаға бас сұқсаң шығуың қиын, өзіне елітіп әкететін сан түрлі кітаптар бар. Не іздесең соны табасың. «Мені оқы да, мені оқы», - деп кітаптар таласып тұратын секілді. Кітапханада Мағжанның өлең жинақтары, өмір естеліктері, ол туралы зерттеулер, мақалалар барлығын қосқанда 400-ден астам қор болды. Әрине бұларды оқып тауысу мүмкін емес. Бірақ біраз төңкердім.

Мағжан қазақ әдебиетінің ежелгі сақ, ғұн, қыпшақ, түркі кезеңдеріне ерекше мән берген. Халқымыздың ауыз әдебиетті жойылып кетпес үшін еңбек еткен. Оны ақынның мына бір пікірінен толық аңғарамыз. «Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғыық әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын Қобыландылардың ауызда адасып, азғантайы ғана қалған...», - деп поэзия пырағы күйінішін жазыпты. Бұны аздер болсаңыз Бақыткамал Қанарбаеваның «Мағжан шығармашылығының фольклорлық қырлары» атты зерттеу еңбегінде: «М. Жұмабаев фольклорлық мұраны жинаумен өзі тікелей айналысқан. Мәскеуде жоғарғы әдебиет-көркем өнер институтында оқып жүрген кезінде, батырлар жырының көп томдылығын құрастырып, кіндік баспаға ұсынады. Бірақ әлдебір себептермен баспа бетін көрмей қалған. Ол еңбек оқырмандарына Мағжан қолымен әлі жеткен жоқ», - деп жазады зерттеуші. Бәлкі табылар, бәлкі табылмас бұл жинақ. Әйтсе де Мағжанның «сенемін»- деген сөзінің астарының бір парасында осы

фольклористиканың жатқандығын қаны қазақ айтпай-ақ сезіп отыр. Әлихан Бөкейхановтың «Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады» - деген сөзінде де Жұмабаевтың ұлттық құндылықтарға басым назар аударғанын тайға таңба басқандай анықтап айтып тұр емес пе?

Мағжан поэзиясының өзгелерден ерекшелігі фольклорлық оқиғалар яки сюжеттерге құрылған поэмалары. 1923 жылы Ташкент қаласында «Батыр Баян» поэмасы жазылды. Тарихи мұғлұматтарға қарағанда поэма бір түнде жазылған. Ұстаз Әуезовте поэма жазылу барысында Мағжанның жанын да болған деген деректер бар. Содан болар Абайдан кейінгі Мағжанды сүюі.«Мағжанның бұл поэманы жазуына Шоқан мықтап әсер еткендігін жорамалдауға болды» деп поэманың сюжеттік ерекшелігінің тууына Қанарбаева пікірін білдіріпті. Бұл пікірді жоққа шығара алмаймыз. Себебі Шоқан еңбектеріндегі хан Абылай мен Баянға байланысты айтылған жайлардың көпшілігі поэманың өн бойынан байқалады. Иә, Абылай ханның серіктері мен өзі туралы шындық оқиғаны, образдық бейнелерін Шоқаннан артық білер адам бар ма? Абылай ханның тікелей ұрпағы емес пе? Аңыз жырға жастайынан әбден қанығып, талқылап жазған еңбектер. Бірақ Мағжанда бұл тұрқысынан келгенде қара жаяу емес. Әжесі поэма кейіпкері батыр Баянның тікелей ұрпағы екендігі әдебиет пен тарихтың қайнаған қара қазанында жүрген жандардың барлығына дерлік аян. Мағжанның да бұл оқиғаға жастайынан құлағының құрышы қанған десекте қате айтқаным емес. Поэманың бір түнде тууының себебі әсте осы болар. Мағжан поэманы Бурабайдың тамаша табиғаттың суреттеуден бастап келеді де, кеңет бір тұңғиыққа кіргендей хан ордасын бейнелейді. Бұл поэманың басталуы, негізгі бөлімін де Баян өз інісі Ноян мен қалмақ қызын атып өлтіреді. Осы ісінен кейін Баян өкініші, Баян өксігі, Баян зары көрініс тауып оқиға шиеленісе түседі. Оқиға батырдың жүз сарбазымен жорықта қаза табуымен аяқталып, ең даладағы денесін жел топырақпен жауып жатқан көрініспен ұштасып, Баян батырдың өлгенін, бірақ ел есінде қалатындығын айтып қортындыланады. Батыр Баян туралы аңыздар Мағжандай ақынның шеберлігі нәтижесінде жеке авторлық поэмаға айналды. Мағжан болмаған да Батыр Баян поэмасы бізге жетер-жетпесі Әуезов айтқандай күмән-ді.

Мағжан шығармаларының биік деңгейге көтерілуінде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор болған. Ақындық шеберлігінің пайда болуы көркемдік стилінің тууы образ жасау принциптерінің дамуы шығармасындағы халық тілінің айшықты кестелерінен дәстүрлі фольклордың элементтерін пайдалануда да өзіндік стиль ерекшелігі болғанын ашып көрсетсем.

Э.Б. Тайлордың мына пікірі Мағжанға тән «кейде ақын өз ортасының қайшылықты оқиғаларынан шаршайды, сол кезде қиялымен балалық шағына оралады, табиғат құбылысы басқаша әсер береді. Табиғатта заттардың бәрі оның қайғы-мұңын түсініп, оған жаны ашитындай, онымен сырласатындай сезіледі. Ақын қиялымен соларға жан бітіріп табиғат көріністерінен образ тудырады». Мағжанға көңіл күйі жабырқау тартқан бір сәтінде, көктегі ай да оған өзі тәрізді түсі қашып, мұңайып тұрғандай сезіледі, онымен іштей сырласады, мұндасады, шерлеседі. «Айға неге қайғылысың, нұрынды біреу сөндірмек пе, әлде өткен күніңді ойлап қайғырасың ба?», - деп сұрай береді ақын:

«Көп жұлдыз-әлде күшпен, әлде іспен

Еріксіз артыңа өрткен халқың шығар»- дей келе, өзінің мұңаю себебі жалғыздығынан, артынан халқын ерте алмағындығынан екендігін айтып налиды. Ақынның өлеңдерінен қазақ қылықтың көрінісін айна қатесіз көре аламыз. Көне әдет-ғұрыптарымызды өлеңмен өрбіткен. Соның бірі «Сырдағы Алашқа» туындысы. Бұл өлеңде отқа табыну ғұрпының үш кезеңін байқаймыз. Отқа табыну алғашқы дәуірлердегі адамдардың қараңғыдағы қорқынышынан пайда болған. Қатерлі аңдардың оттан қашқанын көріп, отта «күдіретті күш бар» деп түсінген. «Тұран халықтары отқа тамақ тастаған. Кейін нан қалдықтарын отқа тастайтын болған. Бұл от иесі жеп риза болады деген түсініктен туған» дейді Э.Б.Тайлор.

Адамзаттың даму сатыларында отқа байланысты түсініктер нанымдардың қайсы бірі өшіп жоғалып, кейбірі жаңарып отырған.

«Атаң отқа табынған, өзің бірге бағынған.

Тәңірі-оттан боп үміт,

Атаң отқа табынған», - деп келетін жолдар қазақ халқының отқа табыну ғұрпы Тұран тайпасы дәуірінен басталғанын аңғартады. Мұндағы «атаң» деп ортырғаны, «арғы ататегің» деген сөздің мағынасын берсе керек. Шаман дініндегі халықтар отқа табыну ғұрпын парсылардан алған деген Банзаровтың пікірі ойымды қуаттай түседі.

«От дегенің – аспан ғой,

Аспан жерді басқан ғой...

Төменге алып төнген ол,

Бір дегенің – жер ғой ол.

Жер дегенің – көр ғой ол,

Көрді сүйіп, өлген ол», - деген жолдар адамзаттың отқа табыну кезеңінің екінші кезеңі «от» күн құдайынан пайда болған деген түсініктің ықпалы. Отқа май салу отқа табанудың үшінші кезеңі.

«Атаң отқа май салған,

Жан ба еді жыннан тайсалған?

Жаһұт жапқан ажыдан,

Жаның жасып кірлеген,
Отпен аспанға өрлеген,
Алады екен аластап...».

Міне Мағжан ғұрыпқа толы ғаламат өлеңі арқылы Сыр Алаштарына, бойларындағы қорқынышты отпен аластап қуып жіберіндер, от бойларыңа күш-қуат береді деп халық сеніміне жүгінеді. От ғұрпы арқылы Сыр өңіріне отты өлең арнап, халқының жүрегіне от салғысы келеді.

Қазақ әдебиетінде басты назар аударатын мәселелердің бірі ол ақынның сөз қолданысы ауыз екі айтар болсақ ақын сөзі. Зерттеу барысында Мағжан сөздік қорын білуге құштарлығым оянды. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» Қанарбаеваның еңбегінен Мағжан лексикологиясы туралы тұшымды мәлімет ала-алдым. «Мағжанда «ел-елім»сөзінің 100 рет қолдануы бұл сөздің тіркестік қолданысының молдығы, тіркес аясының әр тарап екендігін білдіреді. Қазақ сөзі-32 рет, алаш сөзі-64 рет, жерім сөзі-4 рет, жұрттым-5 рет, халқым-10 рет. Бұдан біз Махамбеттен кейін қазақ поэзиясында халық, ел, жұрт, алаш, қазақ сөздерін мол қолданған ақын - Мағжан екендігін аңғарамыз».

Бақыткамал Қанарбаеваның еңбегін де Мағжан ақынның ерекшелігі туралы шексіз көп мәліметтер жазылған соның бір сарасы болсын: «Фольклорды пайдалануда Мағжанның сол кездегі өзімен тұстас ақындарға ұқсамайтын басты ерекшелігі болды. Мағжан фольклорға «төменнен қарады» /горизонтально/. Совет әдебиетінің негізін салушы: С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов тағы басқа ақын-жазушылардың фольклор пайдалану әдістерімен салыстырғанда, осындай өзіндік ерекшелігімен оқшауланады.

Мағжан фольклорлық сюжеттерді халық аузында айтылып, халық санасында сақталған дайын күйінде пайдаланған. Оны тек әдебиетпен қоршап, көркемдеп, әшекейлеп берді. Мағжанның фольклорды бұлайша пайдалануы – Пушкиннің фольклорды пайдалану әдісіне келеді. Сондықтан да Мағжанды орыс ғалымдарының «қырғыздың Пушкині» деуінің бір сыры осында емес пе екен деген ой келеді.»,- деп зерттеуші пікірін білдіріпті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Омаров «Мағжан – қазақ поэзиясының жарық күні. Күн нұр шашса, кейбір «әдебиеттің жұлдызы боламыз» деп жүргендер сөніп қалады». Иә, Мағжанның өлеңінің оқығанда өзге ақындар өлеңінің еске де алғың келмейді, сұлу әрі тартымды. Өзіне баурап алады. Туындыларында кездесетін романтизмнің өзі бұрын соңды естімеген, жана бір толқын, жаңаша сөз саптаулар. Поэзияның пырағы, жігіттің сырттанының бірі осы Мағжан екеніне ешкім де күдік келтіре алмайды. Өйткені оны біз, бізден ілгері ұрпақтарыда мойындап,

Мағжанның өлең шекпенінен шығып жүргеніміз бар. Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанша ел үшін, біздің болшағымыз жарық болуға атсалысқан ақын, Мағжан Жұмабаев.

«Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжан сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін». Әрине Мұхтар Әуезовтың сөзі. Өз замандастарының арасында да жұлдызы жарық екендігін білдіргені орынды. Мағжан салған өлең жолдары ешқашан тарих сахынасынан, әдебиет әлемінен өшпейді. Мағжан қазақтың кара көз ұлы, қыздары ұмытпауға тиіс тұлғалардың бірі.

ӘДЕБИЕТ

1. М. Жұмабаевтың көп томды шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 2002.

2. М. Жұмабаевтың шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989.

3. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдептану. – Алматы: Рауан, 1998.

4. Назарбаев Н. Қазақстан -2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. - 176 б.

5. Елеукенов Ш.Р. Мағжан Жұмабаев. - Алматы: Білім, 1990.

РЕЗЮМЕ

Особое внимание Мағжан уделял древнему сакскому, гуннскому, кипчакскому и тюркскому периодам казахской литературы. Он работал над сохранением устной литературы нашего народа. Мы полностью понимаем это из следующего мнения поэта: «Сегодня у нас есть только потерянные искры и блуждающие капли нашей литературы, которая глубока, как море прошлого».

SUMMARY

Magzhan paid special attention to the ancient Saka, Hun, Kipchak and Turkic periods of Kazakh literature. He worked to preserve the oral literature of our people. We fully understand it from the following opinion of the poet: «Today we have only the lost sparks and wandering drops of our literature, which is as deep as the sea of the past».


**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ,
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАНТИНДІ АРАМ ШӨПТЕРДІҢ МОРФОБИОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ

Сағындық Нұрилла,
студент;

Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті

Еліміздің территориясында карантинді арам шөптердің 5 түрі тіркелген, олар: жатаған уекіре мен арамсоюу барлық жерлерде, жусанжапырақты ойраншөп – Алматы облысында, көпжылдық ойраншөп – Батыс Қазақстан облысында және тікенекті алқа Жамбыл облысында (1-сурет) [1].




Сурет 1. Карантиндік арам шөптердің елімізде таралуы

Карантиндік арам шөптердің тұқымы басқа аумақтарға ағын су, еріген қар суы, жануарлар, құстар, мәдени өсімдіктер өнімдері, техникалар арқылы таралады. Олармен күресу уақытылы, жүйелі, сондай-ақ барлық жерлерде шаруашылық-ұйымдастыру, карантиндік, агротехникалық, биологиялық және химиялық шаралармен атқарылуы керек. Бұл шаралардың тиімділігін арттыру үшін арам шөптердің морфологиялық белгілері мен биологиялық қасиеттерін жақсы білген жөн.

Жусанжапырақты ойраншөп (*Ambrosia artemisiifolia* L.) – ақкекіре тұқымдасына (Asteraceae) жататын, біздің елімізге Америкадан әкелінген егістік тұқыммен ілесіп, таралып кеткен тамырөркенді арам шөп (2-сурет, а). Ол егістерді ғана емес, басқада жерлерді ластайды. Өсімдік биіктігі 1,5-2,5 м., көп бұтақтанады (25-30), өн-бойы түкті. Кіндік тамыры топыраққа 4 м. енеді, жусанға ұқсайды. Өсімдіктің тіршілікке қабілеттілігі ерекше.

Көпқайтара отуда жаңа өркен түзіп көктейді. Көп тұқым байлап, дәнді дақылдардан кейін піседі. Тұқымдар 6 см. топырақ тереңінде қыстап өнеді. Көктің пайда болуы ұзаққа созылады. Тұқымы топырақта 4-5 жыл бойына өнгіштігін сақтайды.

Ойраншөп мәдени дақылдарға ғана емес, адамға да зиянды. Олгүлдеу кезінде «пішен безгегін» тудырады. Өсімдікпен сиырлар азықтанса сүтінен жағымсыз иіс, дәм шығып сүт сапасы нашарлайды [2-3].



Сурет 2. Ойраншөп: а -жусанжапырақты; б -көпжылдық

Көпжылдық ойраншөп (Ambrosia psilostachya D.C.) (2-сурет, б) осы өсімдіктің көптеген басқа түрлеріндей қауіпті карантинді нысандар тізімінекіреді. Қазіргі кезде оны Оңтүстік Америкада (Перу, Чили, Уругвай, Боливия, Парагвай, Аргентина), Еуропа континенті елдерінде (Голландия, Франция, Польша, Бельгия, Швеция, Венгрия, Германия, Дания, Испания), сондай-ақ Австралияда және бірқатар Азия мемлекеттерінде кездестіруге болады.

Ойраншөптің тұқымы егістік жағдайда мамырдың 1-ші жартысында, топырақ қабаты 15⁰С-қа жылығанда өнеді. Ол мықты тамыр жүйесімен қалың жасыл жерүсті массасынжетілдіріп, топырақтан пайдалы заттар мен ылғалды тартып алады.

Отамалылар егістерінде және сүрі жерде осы арам шөппен залалданған ошақтар жауыннан кейін дереу пайда болады, ал сүдігер жыртуда жекелеген тамыршалар араласудан топырақтың төменгі қабатына орналасады.

Көпжылдық тамырөркенді өсімдіктің сабағы 1 м. және одан да биік, түзу және бұтақты. Сабағы мен жапырақтары ұсақ, қатты түкті, сондықтан сұр-жасыл түсті келеді. Жапырағының ұзындығы 5-тен 12 см. дейін, төменгілері супротивті, жағарылары – кезекті, сағақты. Аналық гүлдері жеке, көбіне аталық гүлшоғырлардың тұғырына немесе жоғарғы жапырақтар қойнына орналасады. Аталық себеттер тығыз, қоңырау формалы. Жемісі - орамнан жеңіл бөлінетін жылтыр жасыл-қоңыр реңді тұқымша [2-3].

Өте қиын ажыратылатын өсімдік болғандықтан, оның ошақтарын жою үшін барлық агротехникалық, механикалық және химиялық шаралар кешенін өңдейтін және өндемейтін де телімдерде (көлік жолдары мен теміржолдарын бойлай, егістіктер шетін, орман жолақтары және т.с.с.) қолданады.

Ойраншөптен карантинді әдіспен қорғану егістік материалды мұқият бақылауға негізделген, әсіресе ол кеш орылатын дақылдарға (қарақұмық, жоңышқа, судан шөбі) қатысты.

Көпжылдық ойраншөп гербицидтің 2,4 Д (Эстерон, Элант, Аврорекс) және МЦПА (Агритокс, Линтаплант, Амитил) топтарына өте сезімталдық танытса, жоңышқа мен майбұршақ егістерінде Пивот өзін жақсы жағынан көрсетеді. Елді мекендерде бұл арам шөпке қарсы адамдар мен жануарлар үшін қауіпсіз «Стоп Амброзия» биопрепараты қолданылады.

Биологиялық әдіспен күресте ойраншөппен қоректенетін жапырақ жегі қоңызының болашағы зор.

Тікенекті алқа (Solanum rostratum Dun.) аттас тұқымдастың (Solanaceae Juss.) біржылдық жаздық өсімдігі (3-сурет). Ол егістік дақылдарды ластайды, әсіресе көпжылдық шөптесіндерге зиянды, қауіпті. Өсімдік тамыры кіндікті, тармақты, 3 м. дейінгі тереңдікке енеді, биіктігі 30-100 см., жұлдызшалы жиі түкті. Сабағы, бұтақтары, жапырақ сағақтары мен жүйкелері, гүлсидам мен гүл тостағаншасымықты бізтәрізді сабан түсті, тікенді (ұзындығы 5-12 мм.). Жапырақтары – кезекті, ұзынсағақты, лиратәрізді, екі рет терең қауырсынды бөлікті, ұзындығы 5-10 см. Маусым-қыркүйек айларында гүлдейді, гүлдері – ұсақ, күлте жапырақшалары ақ, сабақтың үстіңгі бөлігіндегі шашақгүлге жиналған. Жемісі – бірұялы, шартәрізді, жартылай құрғақ жидек. Піскенде жемісі жарылып кетеді. Бір өсімдікте 180 дейін жидек түзіледі, әр жидекте 50-120 тұқым. Тұқымы қарақоңыр немесе қара, домалақ-бүйректәрізді жанынан сығылған, жоғары беті торшалы, бұдырлы. Жаңа піскен тұқымдар өнбейді, 5-6 ай биологиялық тыныштықта жатады. Олар топырақта қыстап шыққаннан кейін ғана өніп шығады және тіршілікке қабілеттігін 10 жылға дейін сақтайды. Тұқымының ең төменгі өніп шығу температурасы 10-12⁰С, оңтайлысы – 22-25⁰С. Ең жақсы өніп шығу тереңдігі 3-5 см. Топыраққа 15 см. тереңдікке сіңіріп жіберсе көктері пайда болмайды [2-3].

Тікенекті алқа тұқымымен ғана көбейеді. Тұқымы піскеннен кейін өсімдік тамырдан жеңіл бөлінеді де желмен ұзақ қашықтыққа домалайды. Пісіп жерге төгілген тұқымдар желмен, машина доңғалағындағы батпақпен таралуы мүмкін. Көктері шыққаннан кейін өсімдік өте баяу өседі. 3-4 нағыз жапырақ түзуге 3-4 апта қажет, басты сабақ бұтақтануы 30-40 күннен кейін басталады. Осы

кезде оның тамыр жүйесі қатты жетіледі, сабақтан 5-6 рет тез өседі. Егістердегі тікенекті алқаны гербицид – амибен, атразин, симазин, 2,4-Д, прометрин, реглондармен оңай жоюға болады .



Сурет 3. Тікенекті алқа




Сурет 4. Беде арамсоюуы

Тікенекті алқа картоптың және қызанақтың вирустық ауруларын тудырады, сонымен бірге ол картоп зиянкесі – колорад қоңызына азық.

Арамсоюу (*Cuscuta*) қожайын-өсімдіктің төменгі не болмаса ортаңғы бөліктерінде тіршілік ететін, шырмауықтар тұқымдасына (*Convolvulaceae*) жататын паразитті арам шөп (4-сурет). Негізінде елімізде арамсоюудың 19 түрі өседі. Ол әсіресе беде, жоңышқа, картоп, зығыр сияқты дақылдарға көп зиян келтіріп, 18°C-та жақсы өнетін тұқымымен көбейеді. Тұқымы 4-5 жылға дейін тіршілікке қабілеттілігін сақтайды. Арам шөп 4см дейінгі топырақтың тереңінен өніп, қожайын-өсімдікке жабысады. Осы кезден оның жермен байланысы тоқтайды. Сабағы жіңішке, сарғыштау-қызыл, жапырақсыз және тамырсыз. Майда гүлдері сабақта топталып тұрады. Жемісі – шартәрізді, 4-тұқымды қауашақ. Тұқым түсі ашық-сұрдан қара қоңырға дейін (ұзындығы 0,5-1,2 мм., ені 0,5-1 мм.). Бір өсімдікте 30 мыңға дейін тұқым түзіледі [2-3].

Беде арамсоюуына (*C.trifolii* Vabingt.), оның басқа түрлерінің өсіп-жетілуі ұқсас. Барлық арамсоюу – карантинді: елдегі карантинді шараларға байланысты таралуы шектеулі. Арамсоюу байқалса, оны жою (ору, өртеу, гербицидпен құрту) үшін қолдағы құралдардың барлығын пайдалану қажет. *Жатаған*, немесе *қызғылт уекіре* (*Acroptilon repens* L.) – аккекіре тұқымдасының (*Asteraceae*) барлық жерде таралған тамыр өркенді арам шөбі (5-сурет). Өсімдік мықты тамыр жүйесін түзеді. Бас тамыр топырақтың 6 см.



Сурет 5. Жатаған уекіре

дейінгі тереңдігіне енеді. Тамырдың негізгі массасы 10-40 см. топырақтың тереңдігінде көбейеді. Сабағы түзу, қатты бұтақтанады, биіктігі 15-60 см. [1]. Жапырағы – сағақсыз, төменгі жапырақтары тісті, жоғарлары – таспалы, сәл түкті. Гүлдері қызғылт, ұсақ, сабақ ұшындағы дара себеттерге жиналған. Мамырдан күзге дейін гүлдейді. Жемісі – ақ, жеңіл сынатын айдаршалытұқымша (ұзындығы 3,0-3,5 мм., ені 2 мм.). Бір өсімдікте 3 см. тереңдіктен өніп, көктейтін тұқым 8 мыңға жуық. Топырақта тұқым өнгіштігі 4-5 жылға дейін.

Арам шөп өркендерінің қарқынды түзілуі мамыр-маусым айларында. Егісті қатты ластағанда мәдени дақылдарды толық ығыстырып және басып тастайды. Тұқымы мен көк балаусасы улы. Құрғақшылық аумақтың қауіпті және төзімді арам шөбі [2-3].

Жатаған укукіре тамыр өркенді арам шөп болғандықтан, онымен күрес – пайда болған олардың көктерін көпқайтара қырқумен бас тамырдағы пластикалық заттар қорын азайтып, тамыр жүйесін әлсіретуге бағытталуы қажет. Пайда болған өркендерді қырқу таза және екпе сүрі жерлерде көп қайтара қопсытуда, ерте сүдігер жыртуда, отамалы дақылдарды күтіп-баптау және т.б. жағдайларда жүргізіледі. Химиялық тәсілдер жатаған укукірені жоюда да жақсы нәтиже береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Справочник по карантину фитосанитарному состоянию Республики Казахстан / Под общим руководством С.И. Сулейменова. - Астана, 2008. – 47 с.
2. Жанзақов М.М. Егіншілік. -Қызылорда-Алматы:Тұмар-Атамұра, 2010.– 394 б.
3. Кенбаев Б.Қ., Жанзақов М.М., Бегалиев Қ.Б., Мырзабек К.А. Агрономия негіздері. 1-бөлім. –Алматы: Эверо, 2020.– 420 б.

РЕЗЮМЕ

Карантинные сорные растения отличаются высокой вредоносностью. По данным Департамента защиты и карантина растений МСХ РК в республике зарегистрировано пять видов карантинных сорных растений: горчак ползучий и повилика повсеместно, амброзия полыннолистная в Алматинской области, амброзия многолетняя – в Западно-Казахстанской и паслен колючий в Жамбылской областях. В данной статье излагаются морфологические признаки и биологические особенности этих сорняков и меры борьбы с ними, поскольку эффективность этих мероприятий зависит от знания их особенностей.

SUMMARY

Quarantine weeds are highly harmful. According to the Department of Plant Protection and Quarantine of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan, five species of quarantine weeds are registered in the republic: creeping bitterness and dodder everywhere, ragweed in Almaty region, perennial ragweed in West Kazakhstan and prickly nightshade in Zhambyl regions. This article describes the morphological characteristics and biological characteristics of these weeds and measures to combat them, since the effectiveness of these measures depends on the knowledge of their characteristics.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

**АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ СОҚАЛАРЫНЫҢ
БӨЛШЕКТЕРІН ДАЙЫНДАУҒА ҚОЛДНАТЫН
МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Досжанов Максұт Жарылқасынұлы,
техника ғылымдарының докторы, профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті
Тасболат Ғалымжан Жұмабекұлы,
техника ғылымдарының магистрі*

Ауылшаруашылығын дамыту үшін механикаландыру саласының алар орны ерекше, бұл саладағы болған дағдарыстар жойылып, оң өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік тууда. Ауылшаруашылығының өнімдерін өндіру, өңдеу, жинау, тасымалдау жұмыстары толығымен техниканың көмегімен жүзеге асады. Бүгінгі күні агротехнологиялық машиналарының және техникаларының жер өңдеу құралдарын жұмыс барысындағы механикалық қажалудан, істен шығудан, оны қорғауды және сақтауды ұйымдастыру өзекті мәселелерінің бірі боп табылады. Бұл әрине техниканың жеткіліксіз болуы және нашар ұйымдастырылуынан туындайтын мәселе. Елбасы айтқандай – «Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді». Сондықтан да қолда бар техниканы тиімді пайдаланып, оларды техникалық пайдалануды, оның ішінде сақтауды ұтымды ұйымдастыру өзекті мәселе. Жер қазатын, жер өңдейтін, дән себетін машиналар және механизмдердің жұмыс құралдарының жұмыс мерзімінің ұзақтығын анықтайтын негізгі факторы абразивтік қажалу болып саналады [1, 2].

Өйткені үйкеліс ортасында жұмыс істейтін құралдарының қажалып бүлінуі өте күрделі түрде себепкер болады. Кез келген өндірісте, қажалатын ортада жұмыс атқаратын құралдардың жұмыс мерзімін ұзартуды, оның зерттеу жұмыстары өте зор. Қолданыстағы агротехнологиялық машиналардың көптеген құралдары үшін олардың қазіргі уақытта, қажалуға төзімділігін арттыру мәселесі әлі де толық шешімін таппаған. Әлемдегі жетекші елдердің өндірісінде бүгінгі таңда лазерлік технология өз позициясын нақты орынын алуда. Сонымен қатар лазерлік қондырғылар өндіріуі қарқынды өсуде. Ауылшаруашылық машиналарының пышақтары өте күрделі жағдайларда жұмыс

атқарады. Олар үйкеліс, тозу және соққыларды сезінеді. Сондықтан оларды өндіру үшін пайдаланылатын материал жоғары беріктігі мен иілгіштігі, сонымен қатар жоғары тозуға және коррозияға, соққыларға төзімділігіне ие болуы керек [2].

Қазіргі таңда ТМД елдерінде шығарылатын ауылшаруашылық машиналарының жер өңдеу құралдарын шығаруға 35; 45; 40Х; Л53; 65Г; 55С2; 60С2 маркалы болаттар қаттылығы және беріктігінің төмен болуына байланысты оларға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.

Бұндай жер өңдеу құралдары Батыс Европа фирмаларының шығаратын жер өңдеу құралдарына бәсеке бола алмайды. Шетелде жер өңдеу құралдарын дайындауға құрамында бор бар (молиден, титан) қосылған аз және орташа көміртекті болаттарды қолданады. ТМД елдерінде ондай болаттарға 30 ГР, 40 ГР, 30 Г2Р болаттары сәйкес келеді [3, 4]. Осындай болаттарды қолдану және қыздырып өңдеудің арнайы тәсілдерін қолдану арқасында дайындалған бөлшектердің пайдалану қасиеттерін өсіруге болады. Салыстыру барысында шетелде шығарылатын соқалардың жер өңдеу бөлшектерінің химиялық құрамыменен және құрылымыменен таныстық. Салыстыруға байланысты бәсекелестікке лайықты соқалардың жер өңдеу бөлшектерін алу үшін төмен қыздырылатын болаттарды пайдалануға болады.

Ауылшаруашылық машиналарының соқалардың жер өңдеу бөлшектері шығаруға аз көміртекті болаттарын қолданады. Қыздырып өңделгеннен кейін мұндай бөлшектердің беріктегі және соққы тұтқырлығы жоғары қасиетке ие болады. Кейбір жағдайда құралдардың жер өңдеу беттіктерін қажалуға төзімді қатты қорытпаларынан балқытып қаптайды.

Ауылшаруашылық машиналарының жер өңдеу құралдарының материалдарын талдау барысында анықтағанымыз олар қымбат емес болат маркаларымен дайындалып қыздырып өңдеудің дәстүрлі шынықтыру және босаңсыту қолдану арқылы дайындалады. Ауылшаруашылығы техникаларының жұмыс органдары бөлшектерінің қаттылығы 48-49 НРС, ал беріктігі 900-1200 МПа, соққы тұтқырлығы 0,2-0,6 МДж/м² құрайды.

Қазіргі кезде ТМД елдердің нарығына ауылшаруашылық машиналарының жер өңдеу құралдарын дайындауға 58-ші болатты және 60-шы болатты қолдана бастады [3, 4]. Бұл материалдар келесі химиялық құрамымен сипатталады: көміртек 0,5-0,65 %; марганец 0,1- 0,3 %; кремний 0,1-0,3%; хром, никель және мыс әрқайсы 0,25 %. Мұндай материалдардан дайындалған құралдардың беткі қабатының қаттылығы 58-64 НРС, беріктігі 2100-2300 МПа, соққы тұтқырлығы 0,6- 1,25МДж/м².

Зерттеу барысында шетелдік фирмалар шығаратын және біздің елге келіп жатқан ауылшаруашылық машиналарының жер өңдеу құралдары бөлшектерінің химиялық құрылымына, құрамдарына зерттеу жүргізіліп талдау жұмыстары жасалды. Зерттелген бұйымдарға «Rabe» фирмасының түрендері, «Holmer» фирмасының түрендері, «Vogel & Noot» фирмасының түрендері және қашаулары, «Kverneland»- фирмасының қашаулары, «Rabe» фирмасының жер қопсытқыштарының тістері және т.б. түрлері жатады [4].

Мына 1.1.-1.3 кестелерде шетелдік және отандық шығарушы фирмалардың соқалардың жер өңдеу бөлшектері материалдарының химиялық құрамы және физика-механикалық қасиеттерін зерттеу нәтижелері берілген. Сонымен, көп жағдайларда, қазіргі таңда ТМД елдерінде шығарылатын ауылшаруашылық машиналарының жер өңдеу құралдарын шығаруға 35; 45; 40 X; Л 53; 65 Г; 55 С2; 60 С2 маркалы болаттар қаттылығы және беріктігінің төмен болуына байланысты оларға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Себебі бұндай жер өңдеу құралдары Еуропа фирмаларының шығаратын жер өңдеу құралдарына бәсеке бола алмайды [4].

Шетелде жер өңдеу құралдарын дайындауға құрамында бор бар (молиден, титан) қосылған аз және орташа көміртекті болаттарды қолданады. Сондықтан да салыстыруға байланысты бәсекелестікке лайықты соқалардың жер өңдеу бөлшектерін алу үшін төмен қыздырылатын болаттарды пайдалануға болады.

Кесте 1. Соқалар корпусының бөлшектері

Беріктік, HRC		Микроқұрылым		Ескерту
<i>Жоғарғы беті</i>	<i>Өзегі</i>	<i>Жоғарғы беті</i>	<i>Өзегі</i>	
51-52	-	Троосто-мартенсит	-	Импорттық үлгілер
48-49	-	Троостит	-	Импорттық үлгілер
67-68	42-49	Мартенсит	Троосто-мартенсит	Эксперименттік үлгілер, 80ПП болат
55-58	30-42	Мартенсит	Троосто-мартенсит	Эксперименттік үлгілер, 60ПП болат
48-49	-	Троостит	-	Импорттық үлгілер
67	-	Интермет+аустенит	-	
45-50	-	Троосто-мартенсит	-	Суарылу ортасы: су немесе май

Кесте 2. Соқа корпустары бөлшектері материалдарының физика-механикалық қасиеті және химиялық құрамы

МТЗ бөлшектері	Материал маркасы немесе қолданылуы	Элементтің массалық үлесі,%														Беріктік, НРС		Микроқұрылым		ескерту
		3	4	5	6	7	8	9	0	1	2	3	4	5	6	17	8	19	20	
ППН 8.30/50-311 қайырмасы	Кvemeland фирмасының қайырмасы	0,20	0,86	іздері	-	-	0,01	-	0,02	-	0,03	-	-	-	-	60..61	22	Мартенсит, қалдық аустенит	Перлит феррит	Тәжірибелі үлгілер алынған
	Лист Б-ПО-0-8,0 ГОСТ1993-74 65Г-ТВ1-М1-ТО-УО ТУ 1577-93	0,62 -0,7	0,9- 1,2	0,17 - 0,37		0,03 5	-	-			0,25	0,25		0,2	0,03 5	40-50		Мартенсит		Сериямен дайындалды
	ЛИСТ Б-ПН-8,0х ГОСТ 1993-74 20Г-ТВ1-М1ТО-УОТУ1577-93	0,17 - 0,24	0,70 - 1,00	0,17 - 0,37		0,03 5					0,30	0,30		0,30	0,03 5	57-65	20- дан көп	Мартенсит		Дайындалуда
	ЛИСТ-8,0 60 ПП ТУ14-1-1926-76	0,57 - 0,65	0,20	0,10 - 0,30		0,03 5	0,1				0,30	0,30		0,20	0,04	50-60	30-40	Мартенсит		Дайындалуда
ППН 8730/50-313	Кvemeland фирмасының қашауы	0,35	1,27	0,23	-	-	0,04	-	-	-	0,14	-	-	-	0,02	49-54	45-50	Троосто-мартенсит		Тәжірибелі үлгілер алынған

		0,35	1,23	0,24	0,003	0,0159	0,043	0,0047	0,031	0,0042	0,14	0,022	0,004	0,018	0,001	-	-	-	
		0,36	1,17	0,22	-	0,017	0,02	-	-	-	0,14	0,02	0,02	0,01	0,003	51-54		Ірі-инелі құрылымды Тросто-мартенсит	
	Круг В-40 ГОСТ 2590-88 65Г-2ГП-4А ГОСТ 14959-79	0,62	0,9-0,12	0,17-0,37	-	0,035	-	-	-	-	0,25	0,25	-	0,2	0,035	40-50		Мартенсит	Сериямен дайындалады
	60ПП ТУ 14-1-1926-76	0,57-0,65	0,20	0,10-0,30	-	0,035	0,1	-	-	-	0,30	0,30	-	0,20	0,04	50-60	30-40	Мартенсит	Дайын
	Круг 40-В ГОСТ 2590-88 35 ХГСА ГОСТ 4543-71	0,32-0,39	0,80-1,10	1,10-1,40	-	0,025	-	-	-	-	1,10-1,40	0,30	-	0,30	0,025	45-55	40-50	Мартенсит	Дайын
	Круг 40-В ГОСТ 2590-88 45Г ГОСТ 4543-71	0,42-0,50	0,70-1,00	0,17-0,37	-	0,035	-	-	-	-	0,30	0,30	-	0,30	0,035	45-55	40-50	Мартенсит	Дайын
	20ХНР	0,16-0,23	0,60-0,90	0,17-0,37	-	0,035	0,06	-	-	0,001-0,005	0,70-1,10	0,80-1,10	-	0,30	0,035	45-55	40-50	Мартенсит	Дайын

	Круг SB43M14B	0,40 - 0,46	1,30 - 1,50	0,15 - 0,35	-	0,03 5	-	-	-	-	0,40 - 0,60	-	-	-	0,03 5	-	-	-	Дайын	
	Gregoire Besson фирамасының қашауы	0,31	1,27	0,26	-	0,00 7	0,03	-	0,03	0,00 4	0,53	0,10	0,05	0,19	0,00 7	51-52	-	Троосто- мартен- сит	-	Импор- тық үлгілер
	Gregoire Besson фирамасының қашауы	0,23	1,22	0,26	-	0,01 0	0,03	-	0,03	-	0,50	0,10	0,05	0,11	0,00 7	48-49	-	Троосто- мартен- сит	-	Импор- тық үлгілер
	конструкциялы қ қашау (80ПП болат)	0,84	0,07	0,04	-	0,00 4	0,12	-	0,07	-	0,04	0,06	-	-	0,01 1	67-68	42-49	Мартен- сит	Троосто - мартен- сит	Экспериме нттік үлгілер
	конструкциялы қ қашау (60ПП болат)	0,57	0,10	0,10	-	-	-	-	-	-	0,05	0,05	-	-	-	55-58	30-42	Мартенси т	Троосто - мартен- сит	Экспериме нттік үлгілер
	Бор негізіндегі болат SB27M12CB	0,25 0,30	1,0 1,4	0,15 0,35	-	0,03 5	-	-	-	0,00 10,0 06	0,30 0,60	-	-	-	0,03 5	45-50	-	Троосто- мартен- сит	-	Суарылу ортасы:су немесе май
ППН 8.30/50-312қайырма төсі	Kveteland фирмасының қайырма төсі	0,22	0,89	ізде р	-	-	-	-	0,04	-	0,03	-	-	-	-	59-61	<20	Мартенси т,мартенс ит дақтары	Сорбит үлгісін дегі перлит, ферлит	Тәжірибелі к үлгілер сатып алынды
		1.14	0.87	0.01 2	0. 00 4	0.01 08	0.001	0.01 6	0.03 3	-	0.03	0.03 5	0.00 3	0.00 7	0.00 4	-	-	-	-	-

ӘДЕБИЕТ

1. Досжанов М.Ж., Ысқақ Е.Н., Ағайдаров Н.К., Тасбергенова Г.Ж. Жұмыстық беттіктері істен шыққан құралдарды қалпына келтірудің тәсілдері // Механика и технологии. – 2017. - №2 (56). – С. 25.
2. Досжанов М.Ж., Ысқақ Е.Н., Нурғалиев Н.Ш., Қонысбай Ж.Қ., Темірбаева М.Б. Жұмыс құралдары элементтерін балқытып батырып қатыру әдісімен мүжілген беттікті қалпына келтіру // «Innovation management and technology in the era of globalization» материалы научно-практич. конф. - Александрия, 2018.
3. Ткачев В.Н. Износ и повышение долговечности деталей сельскохозяйственных машин. Изд. 2-ое. – М.: Машиностроение, 1971. - 264 с.
4. Анурьев С.Г., Киселев И.А. Оценка эффективности защиты сельскохозяйственных машин от коррозии. Инновационные технологии в сельском хозяйстве: материалы III международной научной конференции. – Казань, 2017. – С. 40-44.

РЕЗЮМЕ

Анализ причин потери работоспособности земледельческих орудий и восстановления сельскохозяйственной техники в том числе поврежденных деталей земледельческих орудий.

SUMMARY

Analysis of the causes of loss of working capacity of agricultural tools and restoration of agricultural machinery including damaged parts of agricultural tools.

**«Болашақ»
университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
университета
«Болашақ»**

Қызылорда

№1 (19) 2020

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Сол жағалау, «Болашақ» университеті

Басуға 30.06.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 10.3 б.т.
Офсетті қағаз.
Тапсырыс №106.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті
баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№1 (19)**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.